

П И О Н Е Р

ДАУЫС БЕРЕМІЗ

УЧАСТОК



МАРТ

1950 ЖЫЛ
АЛМАТЫ

№ 3



СТАЛИНДІК САЙЛАУ

Тайыр ЖАРОКОВ

Өскен елім жемісін
Саралап сай ғып салды алға.
Көрдік тағы жеңісін
Сталиндік сайлауда.

Депутатқа ұсынды ел
Отан ұлын таңдап ап,
Халқымның ұжым күшін көр,
Ұсынған ерлер сайланбақ.


Таңдаулы ұлдар ішінде:
Даламның еңбек ері бар,
Атағы жұрттың есінде
Жалынды жас пен кәрі бар.

Нұры ойнап елдің көзінің
Асудан тағы асуға, —
Сайлауда алтын тізімнің
Көсем түр ең басында.

Халық боп бүкіл таңдайтын
Сталин аты — таңдаулы ат,
Депутат етіп сайлайтын
Ол бірінші кандидат.

Сайлауда барлық ел даусын
Береді ұлы данаға.
Ер жетіп паспорт алған соң
Береді даусын бала да.

Әзірше, паспорт алғанша
Жас пионер өрені
Көсемге, — үнмен тамаша
Жүректен дауыс береді.



Кәсемнің ең жақын серігі

БҒ(б)П Орталық Комитеті саясаттық бюросының мүшесі, ССРО Министрлер Советі председателінің орынбасары, большевиктік партия мен социалистік мемлекетті құрушы көрнекті қайраткерлердің бірі, кеменгер Сталиннің ең жақын серігі — Вячеслав Михайлович Молотов (Скрябин) жолдас 60 жасқа келді. Молотов 1890 жылы 9 мартта Вят губерниясының Букарке деген жерінде (қазіргі Киров облысы Советскі қаласы) сатушының семьясында туды. Ол 12 жасында Қазандары реальдық училищеге түсті. Молотовтың революциялық қызметі 15 жасында басталады, ол патша өкіметіне қарсы жастардың революцияшы үйірмелеріне, митингілеріне, орауілдерге белсене қатысады, 16 жасында большевиктік партияға кіреді. 1906 — 1909 жылдары Молотов жолдас, революцияшы оқушыларды ұйымдастырушылардың бірі болды. Олардың үйірмелерінде марксизмді үйренуді ұйымдастырды, жұмысшы-

ғае отырып, 1912 жылы большевиктік «Звезда» газетінде қызмет істей бастады және «Правда» газетін құруға тікелей қатынасты. Мұнда ол, Сталин жолдаспен алғаш рет кездесіп, ол кісімен бірлесе «Правданы» басқарды, шетелдегі Ленинмен байланыс жасады, большевиктердің Петербург комитетіне мүше болды. Патша үкіметі қайта-қайта жер аударып жібере берсе де ол, Петербургке қайта келіп революциялық қызметін тоқтатпастан жүргізе берді.

Молотов жолдас халқымыздың кеменгер ұстаздары Ленинмен, Сталинмен бірге большевиктік партияны, советтік социалистік мемлекетті құрысты, совет халқының және коммунист партиясының жауларын талқандасты. Кәсеміміз Сталинмен бірге еліміздегі социализм жеңістерін ұйымдастырды. Ұлы Отан соғысы алдында, соғыс кезінде соғыстан кейінгі дәуірде жеңімпаз және көреген сталиндік сыртқы саясатты басқар-



В. М. Молотов жолдас Артеке пионерлер арасында

Суретті түсірген В. Горшков

лар арасында нәсихат жүргізді. 1909 жылы апрельде, оқу бітірер алдында, Молотов Вологда губерниясына жер аударылады. Айдауда жүрсе де, ол оқуды тастамай, Вологдадағы реальдық училищеге емтихан тапсырады, марксизмді оқып береді. Ол онымен бірге революциялық жұмыс жүргізді, Вологдада большевиктік ұйым құрды.

Молотов 1911 жылы Петербургке келіп, политехникалық институтқа түсті. Ол мұнда студенттердің большевиктік ұйымын құру жолында көп жұмыстар жүр-

ды. Ол адам баласы тарихындағы ең озат ғылым — марксизм-ленинизмді байытуға көрнекті еңбек сіңірді. Молотовты ССРО Ғылым Академиясы құрметті академик етіп сайлады.

Молотовтың социализм құру жолындағы қажырлы еңбегін үкіметіміз жоғары бағалап, бірнеше рет Ленин орденімен наградтады, Социалистік Еңбек Ері атағын берді. Халқымыз Молотов жолдасының өмірі ұзақ болуын тілейді.

Ә. КӘКІМЖАНОВ.



Балалар, сендердің өздерің дүниедегі ең бай адам екендеріңді білесіңдер ме осы? Рас, сендердің ең қайсыныңда, капиталистер сыяқты, жыйнап тас таған алтын, қымбатты жиһаз жоқ. Бірақ сонда да сендер дүниедегі ең бай адамдарсыңдар. Оның мәнісі не?

«Жері байдың—елі бай», деп тегін айтылмаған. Әлемде біздей жері көп ел жоқ. Біздің елдің жеріне ауданы ұлы Британия сыяқты тоқсан ел немесе Бельгия сыяқты жеті жүз ел сыйып кетеді. Оның бір шеті Солтүстік Мұз мұхитынан басталып өмірі қыс болмайтын күнгеймен жалғасса, екінші шеті батыстағы Балтық жағалауынан басталып шығыстағы Тынық мұхиттың жағасына келіп тіреледі. Бүкіл жер шарының осынауы сауырын, 22 миллион шаршы километр жерін, алып жатқан қандай ел бар. Әрине жоқ. «Отаным менің кең байтақ» деп айтылатын себебі міне осы.

Жеріміз біздің қанша көп болса, оның жаратылыс байлығы да сонша мол. Сол байлық бұрынғы заманда, патшалық Россияның капиталистері мен помещиктерінің, фабрика, завод қожаларының меншігінде болған. Капиталистік елдерде кәзірде де солай. Ал, бізде басқаша: жер, оның кең байлығы, су, орман, фабрика, завод, шахта, рудник, транспорт-міне, елдің осы дәулетінің бәріне халық не. Сталиндік Конституцияға осылай деп жазылған. Сол халықтың бірі—біз. Демек сол байлық несінің бірі—сендер мен біз. Біз баймыз, тек қана бай емеспіз, нағыз бақыттымыз. Бақытты болуымыздың себебі не?

Жер үстінде Совет Одағынан өзге де көп мемлекет бар. Олардың кей бірі, баяғы король билесе, кей бірі республика деп те аталады. Бірақ әйтеуір қалай аталса да, солардың бәрінде тәртіп өзгермесе бұрынғы капиталистік қалпында қала береді. Капиталистік мемлекеттің бәрінде ежелден бұлжымай келе жатқан бір заң бар. Ол адамды екі талқа бөлу. Оның бірі—азшылық тап—байлар.

Міне барлық байлық осылардың қолында, олай болса барлық билік те осыларда. Ал, көпшілік тап—кедейлер. Демек халықтың көпшілігі бұларды алатын болсақ, бәрінен жұрдай. Не дәулеті жоқ не билікке қолы жетпейді, өмірі езілумен өтеді. Өкмет билігін ұсынып ұстаған ат тебеліндей байлар, сол кедейлердің еңбегімен байлығы да отырады.

Бұл мемлекеттерде министрлер, соттар, полицейлер, төрелер бар. Осылардың бәрі халыққа еріксіз жұмыс істетгіреді, байларға бас игіздіртеді. Капиталистік мемлекеттерде байлардың ақ дегені-алғыс, кара дегені-қарғыс. Мемлекет қызметіндегілердің бәрі солар не десе, бұлжытпай орындап отырады. Мұндай елде халықтың отаны да болмайды. Ал, байлар болса өзіне пайда келтірмейтін адамды елден қуып жібере береді.

Анна Смит деген негр әйелінің бір ұл, бір қызы бар еді. Ұлы-Джон 14 де, қызы-Эрта 10 да болатын. Анна Смиттің өзі фабрикада жұмыс істейтін. Бір күні ол жұмыстан қайтып үйіне келсе, есігінде құлып тұр. Балалары үйде жоқ. Сөйтсе, жесір әйел екі баласымен паналап жүрген кішкене бөлме, фабриканың иесіне керек болыпты. Бұл кішкене бөлмені бұзып, оның орнына машина тұратын гараж жасауға бұйырыпты қожайын. Ал оның жеңдеттері үйде тұратын әйелдің келуін күтпей-ақ, балаларды шешесі жоқта панасыздар үйіне жіберіпті де, үйдің құрымын сыртқа шығарып тастапты. Бұл Нью-Йорктың Флэшинг-Медоу дейтін жанындағы бір жерде осы жуырда ғана болған бір оқиға. Міне мақтаншақ Американың заңы осындай!

Бізде өмір мүлдем өзгеше. Біздің мемлекетіміз—социалистік мемлекет. Ал, капиталистік мемлекет пен социалистік мемлекеттің айырмасын алатын болсақ ол, жер мен көктей. Біздің социалистік тәртібімізді Сталин жолдас мына аз сөзбен тамаша жақсы түсіндірді.

«Совет құрылысы жағдайында іс мүлдем басқаша. Мұнда еңбек адамы-қадырлы адам. Мұнда ол жұмысты қанаушыға емес, өзіне, өзінің табына, қоғамға істейді. Біздің еңбек адамы өз елінің еркін азаматымын, өзінше бір қоғам қайраткерімін деп біледі» — деді ол кісі.

Біз өзіміздің мемлекетімізді, дүние жүзіндегі ең демократиялық мемлекет дейміз. Демократия-грек сөзі. Ол демос-халық, кратос—өкмет деген сөздерден құралған. Біздің мемлекетімізді нағыз демократияшы деуіміздің себебі: барлық өкмет билігі халықтың өз қолында, халықтың өзі билеуші.

Біздің өкметіміз-совет өкметі деп аталады. Оның себебі еліміздің еңбекшілер депутаттарының Советтері басқарады.

Бұдан төрт жыл бұрын, мемлекетіміздің ең жоғарғы өкмет билігі органы-Совет Одағы Жоғарғы Советін халқымыздың қалай сайлағанын сендер әрине әлі ұмытпаған боларсыңдар. Сонда да сол сайлауды еске түсіре кетейік. Жұмысшылар- инженерлер, қызметкерлер, колхозшылар, мұғалімдер, ғалымдар, жазушылар сан мың жыйналыстарда кімдерді депутаттыққа ұсынуды ақылдасты. Олар ақылдасып-ақылдасып келіп елді басқара алатын ең жақсы адамдардың ішінен өте жақсыларын таңдап алып, көпшіліктің ортасына ұсынды. Міне осы ең жақсы деген адамдардың кандидатуралары, тағыда бірнеше он мыңдаған жыйналыстарда талқыланды. Ал, осы ұсынылған адамдар кімдер еді? Олар да кәдуелгі жұмысшылар, инженерлер және солар сыяқты өзіміздің еңбекші қарапайым адамдар болатын. Міне осы себепті біз біздің депутаттарымыз халықтың өз ортасынан шыққан адамдар дейміз.

Міне быйыл, 12 мартта сол сайлау тағы да болды. Бұл күні елдегі барлық үлкен адамдар, бірі қалмастан, Жоғарғы Советке ұсынылған адамдарды, ұната ма, жоқ ұнатпай ма, соны білдіруге тиіс еді. Сол себепті, осы күні жасы 18 ге толған әрбір адам сайлау участогіне келді. Ол сайлау бюллетенін алып, оны сайлау урнасына салды, сойтіп сайлау правосын пайдаланды. Оның өз правосын пайдалануына ешкім кедергі жасаған жоқ. Осылайша дауыс беру түнгі сағат 12 де бітті. Содан кейін, ашық жыйналыстарда әбден тексеріп сайланған сенімді адамдар, урнаны ашып бюллетендерді алды, оларды бастан аяқ санап шықты. Сөйтсе: сайлаушылардың дауыс беруге 99,98 процентті, немесе тіпті бәріне жуығы келіпті де бәрі бірауыздан коммунистердің партияда жоқтармен бірлесім ұсынған кандидаттарына дауыс беріпті. Бұл халықтың коммунист партиясын, оның партияда жоқтармен бірлескен ынтымағын өте сый-

лайтындығы. Міне осы себепті біз, біздің депутаттарымыз —халық қалап сайлағандар және мемлекетімізді халықтың өзі басқарды дейміз.

Тарихта тұңғыш рет тек біздің елде ғана ұлт теңсіздігі, елшенділігі жойылған. Бізде бәрі бір: мейлі орыс, мейлі қазақ, мейлі украин, мейлі өзбек болсын — бәрінің правосы бірдей. Біздің елдегі барлық халықтың ынтымағы жарасқан. Олар бір семьяның адамдары сыяқты туыс, дос. Халықтың, оның қарулы күшінің өз мемлекетін мейлінше сүйетін және жан сала қорғайтын себебі міне осы.


Халық өзінің мемлекетін жан аямай еңбек сіңіріп құрды, оны талай қангешті соғыстарда қорғады. Енді сол халық заводтарда, фабрикаларда, егін далаларында сол мемлекеті үшін еңбек етеді.

Біздің халқымыздың, стахановшыларымыздың осынша ықласпен, жігермен жұмысты өндіте істейтін себебі не? Мысалға кіршік құюшы жұмысшыны алайық. Ол өзі құйған кіршіктен өзіне және өзі сыяқты жұмысшыға үй салынатынын, өзінің баласына тамаша мәдениет сарайы, мектеп салынатынын жақсы біледі. Тоқымашы өзі тоқыған матадан, жібектен өз баласына және өзі сыяқты жұмысшының баласына көйлек тігілетінін жақсы біледі. Шахтада көмір қазатын шахтер, мартенде болат құятын металшы, елде астық көп болу үшін қара жердің қыртысын айналдыра ұқсататын егінші, жаңа машина ойлап шығарумен шұғылданатын оқымысты-міне осылардың бәрі сол көмір де, болат та, астық та, машина да елімізді шығайта беретінін жақсы біледі.

Партияның және халықтың ұлы көсемі Сталин жолдас өзінің 1946 жылғы 9 февралыдағы сайлаушылар



Ақмола, 4-мектептің 7-классы физика сабағында.



Қаскелен балалар үйіндегі радио торабы.

жыйналысындағы тарихи сөзінде, коммунист партиясының таяудағы уақыт ішіндегі жұмыстарының жоспарларын белгіледі. Ол жоспарда 1950 жылы 25,4 миллион тонна болат, 19,5 миллион тонна шойын қорыту, 250 миллион тонна көмір, 35,4 миллион тонна мұнай шығару белгіленген. Соғыстан кейінгі бесжылдықта ауыл шаруашылығының азығын, әсіресе астықты соғыстан бұрынғы шамата жеткізу мәшгері көрсетілген еді.

Коммунист партиясының шақыруы бойынша бүкіл елімізде сол бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындауды көздеген бүкілхалықтық социалистік жарыс көп өрістетілді.

Соғыстан кейінгі жылдарда өнеркәсібіміз үздіксіз өсіп нығайды, оның табыстары барлық совет адамдарын қуантады. Капиталистік елдерде ұлғайып келе жатқан экономикалық дағдарыстың белгілері барған сайын айқын көрінсе, совет өнеркәсібінің жалпы өнімі соғыстан кейінгі бесжылдықтың өткен дәуірінде жыл сайын 20 процент және одан да көп артын келді. 1949 жылы ССРО-ның бүкіл өнеркәсібінің жалпы өнімі соғысқа дейінгі, 1940 жылғыдан, 41 процент артты. Өткен жылдың аяғында өнеркәсіптің жалпы өнім шығаруы бесжылдық жоспар бойынша 1950 жылға белгіленген мөлшерден асты.

Еліміздің социалистік ауыл шаруашылығы соғыстан кейінгі өркендеу жағдайында өзінің өмірге бейімділік ұлы күшін тағыда көрсетті. Совет үкметінің орасан зор көмегі нәтижесінде және колхозшы шаруалардың жанқиярлық еңбегі арқасында еліміздің ауыл шаруашылығы соғыстың зардабын ойдағыдай жеңіп, үздіксіз

өрлеуде. Өткен 1949 жылы социалистік ауыл шаруашылығының жалпы өнімі, тұтасынан алғанда, соғысқа дейінгі 1940 жылғы дәрежеден асты. Ауыл шаруашылығында астық мәселесі кәзірдің өзінде шешілді — дәнді дақылдардың жалпы түсімі 7,6 миллиард пұт болып, соғысқа дейінгі 1940 жылғыдан артты және бесжылдық жоспар бойынша 1950 жылға белгіленген дәрежеге жетіп қалды.

Табиғатты өзертудің сталиндік ұлы жоспары ойдағыдай жүзеге асырылуда. 1949 жылы колхоздар мен совхоздар ағаш өгу жоспарын екі есе дерлік орындады. Советтік шаруалар қоғамдық мал шаруашылығын өркендетудің үшжылдық жоспарын орындау үшін күшті жігермен күресуде. Ауыл шаруашылығының техникамен қарулануы жылдан жылға ұлғаяуда. 1949 жылдың өзінде колхоздарымыз, МТС-теріміз және совхоздарымыз тракторларды, автомобильдерді және ауыл шаруашылық машиналарын соғысқа дейінгі 1940 жылғыдан үш-төрт есе көп алды.

Ауыл шаруашылығын өркендетудегі, совет деревнясында социалистік тұрмыс орнатудағы бұл үздік табыстарға халқымыз Лениннің-Сталиннің ұлы партиясының басшылығымен жетті.

Совет Одағы барлық мемлекеттермен тату тұруға табандылықпен ұмтылады, соғыс өртің тұтандырушыларға қарсы бейбітшілік үшін қажырлықпен күреседі. Лениндік-сталиндік даналық сыртқы саясат, халықтар арасындағы бейбітшілік және ынтымақ орнату жолында ССРО-ның дәйекті, батыр күрес жүргізуі біздің елімізді барлық елдердегі жүздеген миллион адамдардың тілектестікпен қолдауын қамтамасыз етті. Совет Одағы Сталин жолдастың басшылығымен барлық елдер еңбекшілерінің баянды бейбітшілік, демократия және социализм жолындағы күресінде оларға авангарі болып отыр.

Совет Одағының ұлы үлгісімен жігерленген Польша, Чехословакия, Венгрия, Румыния, Болгария, Албания, Монгол Халық Республикасы социализм жолына берік түсті. Империалистік жыртқыштарды өз елінен қуып шығып, халықтық демократия мемлекетін — Қытай халық республикасын орнатқан сан миллион қытай халқының жеңісі бейбітшілік пен демократия майданын нығайтудағы қуатты фактор болып табылады. Германия демократиялық республикасының құрылуы Европада бейбітшілік ісінің орасан зор жеңісі болды.

Жер шарында алуан-алуан көп мемлекеттер бар. Солардың ішіндегі халыққа өте жақыны, халықтың өте жақсы көретіні, Ленин мен Сталин құрған біздің социалистік мемлекет. Сол себепті Совет Одағы деген сөзді, Лениннің, Сталиннің есімін бүкіл жер шарындағы адамзат тегіс біледі. Бұл сөздер азаттық белгісі, бақыт сезімі болып әр адамның жүрегінен орын алған. Сол: Совет Одағы, социалистік мемлекет—біздің отанымыз. Сол: дана Ленин мен Сталин біздің әкеміз. Сол себепті дүние жүзінде бізден бай, бізден бақытты жан жоқ. Бақыт құшағында коммунизм шынына қарай еркін алға баса береміз.



Ауыл мұғалімі

М ИМАНЖАНОВ

(Повесть, соңы, басы өткен сандарда)

Суреттерін салған Н. ЛЕБЕДЕВ

Журналымыздық осы санында М. Иманжанов жолдастың: „Ауыл мұғалімі“ атты повестінен берілген үзінділерді аяқтап отырмыз. Бұл шығармада негізінен сөз болатын мұғалімдер жайы, олардың ауыл мәдениетін арттыру, оның ішінде мектепте оқу-тәрбие жұмысын жақсарту жолындағы күресі баяндалады. Журналда жарияланған үзінділерде біз тек оқушы балаларға тікелей қатысы бар кейбір жайларды ғана қамтыдық. Автор бұл повестіні былай бітірмек.

Сонымен бірге жас оқушыларымыздың есіне мынаны сала кетеміз. Төменде беріліп отырған үзінді мен бұдан бұрынғы санда жарияланған үзінді арасында біраз оқушылар баяндалады. Оларды тегіс жариялауды журнал көлемі көтермеді. Сол жарияланбай қалған тараудың бірі — Жарқын мен Туяқ арасында болған қолайсыздық. Мына беріліп отырған үзіндіде сол шатақтан кейінгі жай суреттеледі.

Достар талқысы

Жарқыннан тыныштық қашты. Ашу тарқап, өзіне өзі келген сайын маза кетті. Манағыдай емес, енді сана да өзінше бір күбір тауып, есебін түгендей бастады. Шүбә кірген көңілден өсін, «не істедің сен?» — деген сұрақ шықты. Бала әлде нені байқаусызда бұлдіріп алғандай, өз-өзінен ыңғайсызданып, бұрын үйір болып көрмеген көңілсіздікке тап болды. Дегенмен осының бәрі тереңнен шыққан салмақты ой емес сыяқтанғанымен сайып келгенде бала өзін тіпті әлденеден именген, оқушының бетін қалқыған саяз ой, саяз өкініш еді. Болған оқушыға ыңғайсыз-ақ кінәлі деп есентемейді, «ұрынған тентектен өзімді қорғадым, оның несі сөкет» деген арқа сүйер таяныш ойға қол артып, «не істедіңнің?» жауабын жеңілдетеді.

Шынын айтқанда, оны бәрінен де бұрын екі нәрсе қыйнайды. Оның бірі — әкесі, екіншісі — отряд жыйыншы. Бұл екеуінің қайсысынан болса да, ол қатты қысылып, қатты қыйналады. Әке естісе, ата-ана сенімін ақтамай, абройымызды төктің, жаман бала болдың, деп ренжиді, көңіл қалады. Отряд жыйыны болса — одан да ауыр. Жолдастары алдында ісі оң болсын, теріс болсын, қылмысты ретінде тапжылмай тұрып жауап береді. Саналы пионер үшін бұл қандай келісімсіз қандай қыйын хал! Ол ғана ма, жыйында класс жетекшісі Бану да, тіпті, Жакыптың да болуы мүмкін. Солардың бәрінің көзінше кінәлі бұл, болмаған

күнде аты аталып, ақталып тұрудың өзі қандай ұят...

Осы екі ойдың қыспағына түскен балаға болған оқушының әкеге айту дегенге келгенде, батылсыздық пайда болды. Отряд жыйыншынан бір, әкеден екі ұялу — балаға айтып жеткізгісіз ауыр соққыдай көрінді. Неде болса жыйыннан естіген сөзбен тынып, әкеме сөздірмей-ақ қойсам қайтеді, деген ой көңіліне қона берді. Сонымен әкесіне айтарын да, айтпасын да білмей, ол көп ойланды. Үйіне осы екі ойдың біреуіне белді бөкем бұа алмай толқыған күйінде келді де, әкесіне іштеңе сөздірместен, тамағын ішіп, тым-тырыс жатып қалды. Сол жатқаннан ол ымырт жабыла бір-ақ оянды. Ояғанда да, әлде нендей қорқынышты түс көріп, шөшып тұрды.

Жарқын тысқа шықты, Аспан әлемі қарауытын түн бошты. Ауыл жанындағы ойнат, төбе де, тал-бұта да түн қараңғысына жасырынып көзден ғайып болған. Тек ашық аспандағы самсаған жұлдыздар мен жерде әр үйдің терезесінен жылтыраған шәм сәулелері ғана көрінеді. Жарқынның көзі солардың бәрінен де колхоз басқармысының кеңсесіне көбірек қадаады. «Әкем кеңсесінде ме, әлде жұмыс басынан қайтпалы ма екен» деген оймен қарады...

Жеңіл шыққан ол еті тоңазып, үйге қайтып кірді де, сабақ оқуға отырды. Күндегі дардысы бойынша әуелі үйге берген тапсырмаларды орындап, содан соң

оқып бітіруге айналған М. Прилежаеваның «Жолдас-тарың сенімен бірге» деген кітабын аяқтап шықпақ болып қолға алды. Кітаптың қызығына түскендіктен бе, немесе жүндіз көп ұйықтағандықтан ба, оның отырысы күндегісінен бұл жолы ұзаққа созылды. Жатқаннан кейінде көшке дейін ұйықтамады. Көзіп жұмсақ — оқығандары бейне дәл алдында болып жатқандай еліктіріп, мұны дүрмегіне қосады. Сол дүрмекте оның көзіне бәрінен бұрын Саша пионер оттай басылады. Оның ойы кітапта әңгіме болатын басқа балалардың жайларынан төрі соған оралып соға береді. Ол қала, бұл дала баласы болса да, оның ұтуынша екеуінің арасында нәзешдей айырма байқалмайды. Кейде тіпті ол деп отырғаны өзі сыяқтанып қалады. Жазушының Саша деп отырғаны мен емес пе екен деген ой келеді де, өзінен өзі қобалжыйды. Ойткені Сашаның барлық ісі, мінез-кұлқы өзінен аумайтын сыяқты. Оның басында болған кемшілікке үңіле, өз бойына үңілгендей болады.

Жақын айтқан, бұл іштей мойындамаған әнеугі бір тағылған кінә да енді анық шындыққа басын. ешбір талас тудырмайтын ақылқаттай аң-айқын көрініп, мына кітаппен үн қосқандай салмағы артып, мағнасын тереңдетті. Кітап та, ақылшы-ұстазы да өз басынан аспайтын және асуды тілемейтін өзіншіл жалған қасиетті әшкерелеп, үлкен санаға—қоғамшыл шынайы санаға үндейді... Осыны бала дәл, терең ұғынып жетпесе де, өз басында әлде-нелер жеріспейтінін анық аңғарып, тіпті бұрын байқамаған, енді ойлап отырса мін бар екенін сезіп, соған налығандықты білдіретін бір жаңа қалып туғандай болды. Апыл-тапыл басқан, берік табан тірей алмайтын осы сәби оймен ол, өкесінің желуін күтін жатып, ұйқыға кетті...

Тұяқпен арада болған оқығанда өзін кінәсізбін деп есептесе де, осы түннен кейін ол бұл ойына да батыл сенуден қалып, отряд жыйынына үлкен хауіппен келді. Жыйынға қатысқан Бануды, Жақыпты, Сұлтанбековты көріп, оның хауіі тіпті күшейді. «Бұл қандай күйде екен» дегендей ол төмен қарай отырып басқара білдірмей, Тұяққа көз қырын салды. Ол да бұған бір, келгендерге бір жалтақ-жалтақ қарап жүдеу тартып отыр екен. Тұяққа деген бір аяныш сөзім туып кетті оған.

— Отряд пионерлері жыйыны ашық деп жариялаймын, — деді отряд советінің председателі Бектай, — әңгіме пионер Жарқын Есенов пен Тұяқ Жанғабылов туралы, кімнің қандай ұсынысы бар?

— Ұсыныс сол: сөз өздеріне берілсін. Не үшін шатасынты, соны айтың.

— Дұрыс, дұрыс!

— Қайсың айтасыңдар?

Жарқын жайлап орнынан тұрды.

— Менде ешқандай жазық жоқ. Бар жазығым — сабақ үйретем дегенім...

— Не үшін шатастыңдар, соны айт, — деді Бектай. Тұяқ оған ала көзімен бір қарап қойды.

— Маған тіл тигізді. Мен тіліңді тарт деп едім, жұдырығын ала жүгірді. Сонсоң мен де қарап қалмадым.

Бар ерікті балалардың өзіне беріп, үнеіз тыңдап отырған Бану Жарқын әңгімесінің төркінін танып:

— Сен жазықсыз едің, Тұяқ соған қарамастан қол тигізді, солай ғой? — деп сұрақ қойды.

— Менде ешқандай жазық жоқ.

Бану Тұяққа бұрылды.

— Сен қалай деп ойлайсың?

Отырғандардың бәрінің назары Жарқыннан Тұяққа ойысты. Ол іштей үлкен қобалжуда еді. Осында ол жақсылықтан барлық үмітін үзіп келгенді. Отряд жыйынынан да, қатаң да болса әділ, мейрімді Жақыптан да, қабақ шытуды білмейтін жылы жүзді Банудан да бұл жолы ол ешқандай жақсылық күтпейді, күтуім мүмкін де емес деп шамалайды. Өз бейбастақтығын шегіне жеткенге, зеқынып біткенге сапайды. Бұрын жағымсыз іс еттім, кінәлімін деген ой басына кіріп те шықпаса, соңғы уақыттарда бұдан бірте-бірте арылып, өз кінәсін ұғынуға бет алған ол, Жарқынмен екі арада болған оқығанда қабырғасы қайысқандай қыңжылып, әрі өкініп, бұдан ақталу бос әуре дегенде біржола табан тірегенді. Өз ісінің терістігіне әбден көзі жеткен ол тіпті Жарқынның не істеп, не қойғанын айтып жатқысы да жетпейді. Мұным ауыр кінәмді біреуге артып, ортақтас дегенмен тең деп ойлайды. «Өзім істеген қылмысты өз мойныммен көтеруім керек». Оны білетіні осы.

Мұны оның жүрегіне еккен — мұғалімі Жақып. Мұғалімнің ісінен, сөзінен ғажайып жақсы сырды, адалдықты, әділдікті көреді, жалтақты, жалтаруды білмейтін, турашылықты, батылдықты көреді. Оқытушысынан алғашқыда байқай алмаған, байқаса да бағалай алмаған оның бұл қасиетіне енді ол қызыға қарайды. Дәл сондай болғысы келіп, оған еліктеуді ниеттенеді. Бірақ, ниеті іске аспай, өкінеді. Қаншама Жақып болып бағуға тырысса да, әлде нендей себептермен беталысынан жаңылып, болмашы келісімсіз оқығаларға шырмалып қала береді. Неліктен бұлай? Оны Тұяқ түсіне алмайды. Оның шамалауынша ұғыну, ниеттену аз көрінеді. Мұның үстіне әлде нендей қосымша күш керек тәрізді. Бұл қандай күш? Аты не? Оны да айта алмайды.

— Мен өзімнің жазықты екенімді жасырмаймын. — деді ол әлден уақыттан кейін, — бар кінә менде.

Осы не айтар екен деп оған хауіптене қарап отырған Жарқын ауыр жүгінен жеңілгендей күрсініп демін алды.

— Мойындауың аз, — деді Бектай, — не үшін қол жұмсадың, себебін айт!

— Ашу қысты да, дәпнені ойламадым.

— Ашу қысқан сайын жұдырығыңды ала жүгірмексің бе? — деді Бүміс.

Тұяқ төмен қарады.

— Әңгіме түсінікті болды, — деді Бектай, — көңел, жыйынға не айтасың? Қандай үәде бересің?

Фанна Степановна не айтты

— Кәзір күн уақытша суытып тұр, одан басқа түк те емес.

Люданың айтқаны дұрыс болып шықты. Екі - үш күннен соң күн жылынып, қар еріді, аспан жүзі күздегісіндей тағы да көгілдір тартып жайнап шыға келді. Ыстықтаған балалар далаға тіпті пальтосыз шықпақ та болды.

Сембі күні биология сабағының оқытушысы Фанна Степановна Акинфина «6»-г класына келді де:

— Балалар, ертең сағат 10-да мектепке келуді ұмытпаңдар. Ағаш отырғызамыз. Күрек те ала келіңдер, — деді.

Жексембі — қызықты өткен күннің бірі болды. Киров атындағы қыз балалар мектебінің оқушылары түгел дерлік келді: үлкен іске үлес қосуды олардың әрқайсысы өзіне борыш деп білді. Осының қарсаңында теміржол питомнигінен көп жас шыбықтар әкелінген еді, жетінші класс оқушылары ағаш егілетін жерге 100 шелек шұрайлы топырақ дайындады. Өйткені мектеп төңірегінің жер ғыртысы көбір, сазды болатын, жас шыбықтың тамыр тартуына қолайсыздау еді.

Люда ағашты өз құрбылары — кластастары Лена Лопатина, Маруся Құрақбаева және Лида Балюрамен бірге отырғызысты. Люда мен Лена шұңқыр қазып, түбіне қопсыған топырақ септі. Люда теректің бұратылған жіңішке шыбығын әкеп қондырды, ал екі құрбысы топырақпен жақсылап көмді. Осылайша бірінші шыбық, бесінші, оныншы шыбық... Көреген тәрбиеші Фанна Степановна қыздардың жанына әлденеше келіп, кыймылдарын көріп:

— Жарайсыңдар, балалар! — деді.

Жексембілік соңында оқытушы қортынды жасады:

— Біз бұрынғы ағаштарға бүгін жүз түп қостық. Сонымен балалар, біздің бакта кәзір 2100 түп ағаш бар... Енді үйлеріңе қайтып тыңғыңдар.

— Фанна Степановна, осынау ағашты отырғызған кімдер? — деп сұрады Люда.

Егде тартқан оқытушы бір ыстық мейірмен күлімсірей қарады.

— Қолқа салсаңдар, айтайың.

— Айтыңыз, айтыңыз! — деді балалар хормен, а дегенше, балалар оқытушыны ортаға алды да, әңгімеге құлақ тосты.

— Біздің мектеп бұдан он төрт жыл бұрын салынған. Алғашқы оқу жылының күзінде мектепте жас натуралистердің үйірмесін ұйымдастырдық. Үйірмеге бірінші болып Аля Покровская мен Дуся Когай жазылды, оларды өздерің де жақсы білесіңдер. Сол Алевтина Михайловна кәзір сендерге орыс тілінен, ал, Евдокия Романовна — неміс тілінен сабақ береді. Олар осы өзіміздің мектепті бітіріп, институтта оқып, енді міне сендерді оқытуға қайтып келді. Олар да өздерің сыяқты кішкентай, шадуарлау болатын.

Қыздар күліп алды да, Фанна Степановаға тақала түсті.

— Сол кезде, — деп қарт оқытушы әңгімесін тағы айта бастады, — жас натуралистер терек пен бозталдың онекі шыбығын отырғызды, сонау биік тік ағаштар солар. Ағаштарды күтуші де, кішкентай бакшаның ішін арам шөптерден тазартушы да, ыстықта суғарушы да, айналдыра шарбақ тоқушы да — балалардың өздері еді. Содан бері әр жылдың күзі мен көктемінде жана шыбықтар отырғызып, ағаш санын көбейте бердік. Бұл бакшада бір-



қыдыру ағашты өзінің жолдастарымен Юра Малахов екті...

— Малахов дейсіз бе?

— Я, біздің Юра Малахов, Совет Одағының батыры, фашистерге қарсы күресте қаза тапқан.

Қыздар жетінші класс оқушылары — Соня Алгазина мен Джемма Виноградоваға қызыға қарасты. Өйткені, бұл екі оқу озаты бір кезде Юрий Малахов отырған партада отыратын еді. Кәзір мектептегі екі пионер отряды, қаладағы пионерлер үйі және бір өндіріс артелі сол даңқты батырдың есімімен аталады. Юрий 1941 жылы 9 - класты бітірісімен өзі тіленіп Армия қатарына аттанды, танк командирі болды, кескілескен бір ұрыста ерлік өліммен қаза тапты... Сөйткен батырдың бір кезде бакшадағы иі ісін Люда мен оның құрбылары қайталаған екен. Осыны ойлаған әркім батырдың басқан ізіне іштен құмарта көз тастағандай болды. Сол бакша бүгін мектепті төрт жағынан бірдей орап, бірсыпыра жерді алып жатыр. Биік ағаштардың бойы екінші қатардағы белмелердің терезесіне жетеді. Коллектив еңбегі қандай көрнекті...

... Балалар оқытушының әңгімесінен соң бакшаның бір бұтасын сындырмай өсіруге уәде берді. 2000 нан астам терек, бозтал, ақ қайың, шыршасы бар бакшаны — Акмола қаласы ғана емес, бүкіл Акмола облысында бірінші орындары мектеп бакшасын мәселен өсіру зор аброй!

Декабрьдің бас кезінде қар қалып жауды. Қыздар тағы жыйналып жас ағаштардың түбін қармен көмді. Солтүстік Қазақстанның батал және ұзақ қысы ақ тоң жамылған ағашқа аязын өткізе алмайды.

— Осы бір - екі жылда жеміс ағаштарын да өсіретін боламыз, — дейді Люда.

Ол дұрыс айтады. Пионер тыңдырмас іс бар ма?!

Н. ПОЧИВАЛИН.

ДЛҒЫС

С. ОМАРОВ

Жалпырайған жалғыз фанзадан жүгіре шығып, солтүстікке қасқая қарап тұрған таңқы мұрын, арық қара бала сол бір сәтте не ойлады екен?

Бұл фанза, Манчжурияның М. дейтін қаласына апаратын үлкен тас жолдан 15 километрдей бұрыс, шығыс беткейдегі қытай қыстарының бергі шетінде.

Жарқылдаған от біраз уақыт жоғалды да, пулемет даусы басылғанда барып, осы фанзаның шығыс жақ бүйірінен, ұрымтал жерден көріне бастады. «Жапондар ата бастаған соң, орыс машинасы үлкен жолдан шығып, адасқан екен ғой» — деп ойлады Ли.

Жаңбырдың күштілігінен жер ойылып, лайсаң болып кетіп еді. Машинаның шамы тағы да сөнді.

Ли жалба-жұлба шалбарының балағын тізесінен жоғары түрді. Көйлегінің етегін шалбарланып, сынтығырланып алды да, жаңағы от көрінген жаққа жүгіре жөнелді. Екі өкпесін қолына алып, бірде сүрініп, бірде жығылып жүгіріп келеді.

Фанзадан шамасы екі километрдей жерде сазды жылға сай бар еді. Соған жақындай бергенде автомашинаның дырылдаран даусы естілді Лиге. Ол сайға түсіп, машинаның жанына келді.

— Саған кім керек еді? — деп, винтовкасын кезеңін, біреу шыға келді.

Ли дірілдеп қорқып кетті. Бірдеңе айтып өзінің мәңжайын түсіндірейін десе, орыс тілін білмейді.

— Жолдас ганитапа! — деп, жаңағы мылтығын кезеп тұрған адамға жыламсырап жақындай түсті.

«Бұл жүгірмек жеті қараңғы түнде нағып жүр, әлде жапондардың тыңшысы болар ма» деп, шофер Алексеев, сене алмай тұр. Алай да мылтығының дүмін жерге тигізіп, көңілі орныққандай болды. Бала артқы екі дөңгелегі бірдей ортаң беліне шейін сазға батқан машинаны көріп қолын шошайтып.

— Фу, жаман, — деді.

Осы кезде жаңбыр саябырлап еді. Бұлт астынан қараңғы түнге ештеген ала-көлеңке жарық кіре бастаған.

Шофер жалғыз еді. Осы маңайдағы бір әскер бөліміне оқ-дәрі апара жатқан. Машинадан қатар-қатар жәшіктерді қалың брезентпен айқара жауып тастапты. Шофер, балаға бірдеңе айтып, жөн-жосба сұрайын десе, тіліме түсінбес деп, үндемей тұр.

Бала солтүстік жаққа қолын сілтейді.

Еңгезерлей денесімен оқыс бұрылып:

— Машинаны шығару керек, — деді Алексеев.

Алексеевтің бұл ойын бала да ұқты. Бірақ, сөзіне орай жауап айтуға тілі келмейді. Бала шығысқа қарай қолын сілтеп, өзінен бірдеңе айтқан болады, бірақ оған шофер түсінбейді.



Осы маңайда жапондардың иесіз қалған ағаш қоймасы бар екенін де Ли жақсы білетін. Қойма бұл арадан 100 метрден қашық емес. Алексеевке жақындай түсіп, қолымен ымдап, машинаны көрсетті де, қоймаға қарай жүгіре жөнелді. Алексеев оны, машинаның дөңгелегінің астына салатын құрай жыйнап әкелуге кеткен шығар деп шамалады.

Ли сүріне, жығыла, жүгірген бойымен қоймаға жетті. Жөн-жосықсыз, жайрап жатқан тақтайлардың біреуін қапсыра кұшақтап, сүйрей жөнелді. Ебестейсіз үлкен тақтай икеміне көнбейді. Бала кей мезетте омақатып құлады. Жандәрмен түрегіліп тақтайды тағы да сүйрей жөнелді. Ыстық тер бетаузын, тұла бойын жауып кетті. Бір мезетте ұзын тақтайды арқасына салып сүйрейді. Ес кетті, жан шықты дегенде, машинаға жетті. Тақтайды жерге тастай салды да, ымдап, машинаның дөңгелегін көрсетті. Баладың не оймен кеткенін Алексеев сонда ғана білді.

— Рахмет! — деді Алексеев қытайша сөйлеп...

— Шаньго-корошо! деді бала маңдайынан сорғалаған терді алақанымен сүртіп...

«Тағы да бір тақтай әкелейін» дегендей, бала оң қолының бас бармағын шошайтты да, әлгі барып келген жағын нұсқады. «Әкелсең, әкел» дегендей ишарат білдіріп, Алексеев те бармағын шошайтты. Ли тағы да жүгіре жөнелді...

Алексеев пен Ли машинаны сазды жылғадан шығарып болғанда жаңбыр әбден ашылған болатын. Бірақ, түп түнегі онша арыза қоймаған. Тек сирей бастаған бұлт арасынан шала-шарпы көрінген таң сәулесі ғана жер бетіне шамалы жарық беріп тұр.

Бала көң ойлап тұрған жоқ: қалайда енді машинаны сазға батырмай, фанзасына жеткізбек. Енді не істеу керек. Алексеев машинаның кабинасында, рульді ұстап, жүруге ыңғайлапты. «Осы арадан тура жүрсек, жолда тағыда батпаққа батып қалады машина, неде болса, жол тауып берейін» деп ойлады Ли. Қолымен ымдап, жол жақты көрсетті де, өзі солай қарай жөнеле берді, менің артымнан жүріп отыр дегендей тағыда ым қақты. Машина мамырлап жүріп келеді, Ли бастап келеді. Жалғызаяқ сүрлеу жолдың сорабымен жүріп отырғын, бір кезде өзінің фанзасына алып келді...

Күланиектеніп таң да атып келеді. Жер жүзі ағарып, таң сәулесі молая бастады.

Ескі мола секілденген сыйықсыз фанза тіліп кетсең, құлағалы тұр. Алексеев машинаны фанзадан оңашырақ жерге қойды да, Ли мен бірге үйге кірді.

Үйге кірісімен-ақ, бала тісін ақсытты, көңілі көн-шігендей күлімсіреп сөйлей бастады: «Орыс, Қызыл Армия» дегенін Алексеев анық ұғынып тұр. Бүкірей-ген бір шал төсегінен тұрып күйбендеп жүр, үй ішінде іліп алар мүлік жоқ. Шалдан басқа адам да көрін-бейді.

— Рус, капитана, — деді бала қуанышты пішіммен.

— Шаньго-жақсы, — деді шал да көңілденіп.

— Аманбысың қызыл қыран, — деді шал Алексеевке қолын ұсынып. Орысша мүдірмей сөйлеп тұр. — Сапар оң болсын!

Еңгезердей, ұзын бойлы ашаң өңді Алексеев шал-дың қара ағаштай қатып қалған тұлғасын бір шо-лып өтіп, сөз қатты:

— Өзіңіз де аман-есенсіз бе?

Шал онан сайын көңілденіп, бастырмалатып сөйлеп тұр. Ли де сөз арасында бірдеңелерді айтып, шалдың сөзін бөледі. Бұрын Владивосток қаласында 20 жыл тұрғанын, орыстармен ағайынды — қарындастай ашына болғанын айтты шал.

— Манчжурияны жапондардан құтқарған орыстар-дың өркені өссін, — деді шал екі қолын кеулесіне қойып басын төмен иіп. Шалдың қатарына тұра қалып бала да ба-сып иді.

— Мынау шемерем, быйыл 13 ке шықты. Балам төрт жылдан бері Чжу-Дэнің армиясында, — деді шал. Біреу өстіп қояр деп қауіп-

тенгендей аузын Алексеевтің кұлағына тақап, тым ақырын айтты. — Аман болса, енді ұзамай көледі ғой...

Алексеев күлімсіреп, біресе шалдың бетіне, біресе мақтанған пішіммен тісін ақсытты, өзгеше көңілде-нің тұрған Лидің бетіне қарайды.

Содан бері үш ай өтті. Өзімізге мәлім Лидің өмірін-де елеулі өзгеріс болды. Біздің бөлімшені бастап апа-рып, інде берілмей жатқан жапондардың бір батальон әскерін қырғызды. Жараланып госпитальға түсті.

Госпиталь бастығының саяси жұмыс жәшіндегі орынбасары капитан Еремеев, емделіп шыққан бір топ жауынгерлерді санқа тұрғызып, Н. бөлімі коман-дирінің бұйрығын оқыды.

Саптағы жауынгерлер селт етпей, бойларын тік ұс-тап, сергек тұр. Сол жақ шетінде жауынгерше киін-ген, белін сыптығырлап буыпған бір бала көрінеді. Ол — өзімізге тапыс Ли. Ерекше ерлік көрсетіп наг-радталғандармен бірге Лиге «Батырлығы үшін» медалі берілген екен.

Ли бүгін үйіне қайтуға тиісті. Қыймағандай жа-уынгерлерге қарай береді. Оны жеткізіп тастайтын машина да келіп тұр. Капитан Лиге қолын ұсынып:

— Қош бол, Ли Фу жолдас, көлер күндерді бірге өткіземіз ғой, э, — деді жымыйып.

— Иә, — деді Ли сенімді дауыс-пен...



ОРМАН БАЛАСЫ

Күңгірледі көк сабасы,
Сілкінді орман ағашы.
Тұрды алдымда күлімсіреп,
Орыстың жас баласы.

Амандасып әдеппенен,
Орын алды қасымнан.
Өтіндім мен: «әңгіме айт, —
деп, —
Жаз бейнелі жас ұлан!»

— Осы орман туған жерім,
Осы өлкеде өстім мен.
Мына жатқан жалтыр көлдің
Жалпақ суын кештім мен.

Сондықтан да осы орман —
Әңгімемнің желісі.
Кешір аға, айып етпе
Болса егер кемісі.

— Орманымыз бұдан да зор
Қалың еді бір кезде.

Қарағанда самолеттен
Уқсайтуғын күмбезге.

Жау келді де, салып бүлік
Қара орманды жандырды.
Қарағай мен қайындардың
Күлін ғана қалдырды.

Орманынан ада болып
Жатты дала жалаңаш.
Әр жерде бір кездесті тек
Қарауылдай қара ағаш.

Өтті күндер, өтті түндер.
Соғыс бұлты тарады.
Жас қарағай тамыр жайып,
Қарт қара жер жаңарды.

Кеше ғана жатқан дала
Сыйдамдалып жалаңаш
Орман болса, мұның бәрі
Қолдан еккен жаңа ағаш.

Бұл орманды көппен бірдей
Ат салысып біз де ектік.
Өзіміздей жас қайыңды
Жас өмірдей күзеттік.

Осы орман — аңызакқа
Алынбайтын зор қамал.
Туған өлке күн-күн санап,
Ну орманға оранар.

Осылайша бітірді сөз
Орман ұлы балғын жас.
Қарағайлар толқын ұрып,
Қарсы алдымда иді бас.

Жас орманнан бір тамаша
Өмір сырын ұғамын.
Өзіндей жас қайың еккен
Сүйдім орыс ұланын.

Сырбай МӘУЛЕНОВ,
Қостанай қаласы

Тұңғыш самолет туралы

Біздің елдің адамдары ғылым мен техниканың әр саласында бұрында талай-талай жаңалықтар ашқан. Бүкіл адам баласының өнер-білім қазынасына орыс ғылымы, орыс техникасы орасан зор үлес қосқан. Бірақта совет өкметі тұсына дейін орыс ғалымдарының тапқан үздік жаңалықтарының көбі көзге түспей, көмескі қалып келді. Шетелдердің озбыр капиталистері орыстар ойлап тапқан өнер, техника жаңалықтарын өздеріне меншіктен, немденіп кетіп жүрді. Мысалы, атақты орыс ғалымы А. С. Попов ойлап тапқан радионы италияндықтар өз елі ғалымының табысына айналдыруға тырысты. Электр шамын тұңғыш ойлап шығарған орыс инженері А. Н. Ладигин бола тұрса да, америкалықтар оны ойлап шығарған Эдиссон деп келді. Ағылшындар Уатты осы күнге дейін «адам баласының өулиесі», бұмен қозғалатын машинаны тұңғыш тапқан адам деп даурығады. Алайда, тарих шындығы ағылшындардың айтқаны жалған екендігін еспаттайды; орыстың тамаша техникі И. П. Ползунов Уаттан көп бұрын-ақ бұмен қозғалатын машинаны жасап, сыннан өткізген, оны тарих шежіресінен ешкім өңіре алмақ емес.

Орыс ғалымдарының ғылым мен техникадағы тамаша көп табыстарының бірі—самолет. Дүниедегі тұңғыш самолетті жасаған адам—Александр Федорович Можайский. Бүгінгі сәгіміміз—Александр Федорович туралы, орыстың тұңғыш самоләті туралы.

1876 жылы Грязовецкі уезіндегі бір деревняда мынадай бір таңғажайып уақығға болды. Үш ат жеккен арба бар пәрменімен көшені бойлап зымыран келе жатыр. Арбаға арқанмен байланған кәдімгі батпырауық (змейка) арбаның соңынан жоғарыда қалықтап ұшып келеді. Батпырауық тым үлкен, жәнік тәрізді.

Бұл кереметті алған көрген көшеде тонай ойлап жүрген балалар болды. Олар кереметтің соңынан «алақайлап» тұра жүгірді, балалардың айғайы деревня адамдарын аятынан тұрғызды. Жұртты таң қалдырған — ұшып келе жатқан үлкен батпырауық емес, батпырауықтың үстіндегі адам еді.

Бұл, батпырауықтың үстінде ұшып келе жатқан адам — самолетті тұңғыш ойлап шығарған А. Ф. Можайский болатын.

Батпырауық балалардың ойыншығы, оны екінің бірі-ақ жасап алып, желді күні көкке ұшыра береді. Алайда осы ойыншықтың қалай ұшатындығын зерттеу арқылы — ұлы жаңалық ашылды.

Александр Федорович Можайский 1825 жылы 9 март күні туған. Оның әкесі теңізші болған адам. Александр Федорович те теңізші офицерлер даярлайтын теңіз қорғауы деген мектепте оқыйды. Ол сабақты өте жақсы оқыйты, барлық пәнінен отлучно баға алады.

Теңіз мектебінде желкемді кемеңі басқарып жүргізуді үйретеді. Желкемді кеме желдің күшімен ғана жүзеді. Можайский сол кездің өзінде-ақ желдің күші арқылы жоғары ұшуға болмас па еді деген ойға калады.



А. Ф. Можайский.

Можайский Теңіз мектебін бітірген соң желкемді кемелермен көп уақыт теңіздерде жүзеді. Ол бос уақыттарында ылғи ғылыммен шұғылданады, ізгі арманы әуеге ұшудың жолын іздейді. «Мен отаныма пайдалы адам болуды ниет етіп, өзімнің жобамды жасауға кірістім, сол үшін мен қызмет орнымды қалдырдым, жалғыз, мансап жағынан пайдалы қызметтен бастарттым» дейді Можайский.

Можайский әртүрлі ойға қалады: ауа құсты көтере алады, олай болса, ауа адам жасаған аппаратты да көтеруге тиіс қой. Бірақ Можайский кұе сыяқты қанатын қағып ұшатын аппарат жасаудан бірден-ақ бас тартады. Өйткені, бұған дейін шетелдерде ондай аппарат жасаған адамдар болған еді, бірақ олардың ешқайсысы жоғары көтеріліп ұша алған еместі.

Можайский бұдан кейін мынадай ойға қалады: Батпырауық сыяқты аппарат жасаға қайтер еді? Бірақ, батпырауық желіктен ұшады? Үлкен батпырауық адамды көтеріп ұша ала ма, жоқ па? Батпырауық өз бетімен ұшу үшін не амал істеу керек?

1863 жылы Можайский теңіз қызметінен кетіп, ұлы арманын жүзеге асыруға бір жолата беріледі. Ол Грязовецкі уезіне көшіп келеді. Жұртты таңқалдырған дәу батпырауық осында жасалынған еді.

Сол керемет уақығадан кейін батпырауықтың адамды ауада көтеріп ұшатынына Можайскийдің көзі әбден жетеді.

Бірақ, арқан мен аттың орнына не қолдану керек? Батпырауықты алға сүйреп отыратын басқа бір нәрсе ойлап табуға болмас па еді? Можайский енді осыны іздестіреді.

Бұл кезде кемелер бұ машинасының қуатымен жүре бастаған болатын. Бұ машинасы кемеңің винтін айналдырады. Ал, винг ағанға бұрап жіргізген бұрандалы шеге сыяқты суды жарып, кемеңі ілгері сүйре-

гіп отырады. Кемеңін бұл сырын Александр Федорович жақсы білетін. «Өзі әрі кішкентай, әрі қуатты бұл машинасын жасауға болмас па еді? Мұндай машинаны батырауықтың үстіне орнатуға болар еді. Ол винтті айналдырар еді, винт ауаны жарып, батырауықты ізгері алып ұшар еді. Онда арқанның да, аттың да қажеті болмас еді. Батырауық өзі ұшар еді. Ол самолетке айналар еді.» деп ойлады Можайский.

Можайский дереу бұл ойын да жүзеге асыруға кіріседі. Әрі кішкентай, әрі қуатты бұл машинасын жасауды, батырауықты қалай ұшырып, қалай қондырудың жолын ойлайды. Түрлі чертеждер сызып талай таңғы ұйқысыз атқызады. Алғашқы жасаған моделі ұшпай қалады. Можайский алған бетінен қайтпайды, модельдің қанатын тағы басқа бөлшектерін қайтадан сызады. Оның жасаған моделі еркін ұшып, жайлап қанатын дәрежеге жеткенше бірнеше жыл өтеді.

Ақыры 1877 жылы Можайскийдің проектісі дайын болады. Енді осы проекті — модель бойынша самолеттің өзін жасау ғана қалады. Бірақта, патша қызметіндегі немістер орыс изобретателінің жаңа табысын көмескі қалдыру ниетімен, Можайскийдің самолетін жасауға қаражат бергізбей тастайды. Самолет Можайскийдің өз қарабасына емес, Россияға керек нәрсе еді. Сондықтан, отаны үшін адал, пайдалы қызмет етуді ойлаған Можайский самолетті өз қаражатына жасаттырмақ болады. «Ең арысы ата қонысымды, мал мүлкімді сатармын, бірақ қалайда болса самолет жасалуы тиіс» деген тұқтамға келеді ол. Можайскийдің иілікті ісін патша үкметі мақұлдамағанмен де, Балтық заводының жұмысшылары тұңғыш самолетті жасап шығаруда Можайскийге жаңбырлық көмек көрсетеді.

1882 жылы 20 июль күні Красное селонның жанындағы (Петербургтің түбінде) далаға тұңғыш самолетті жасаған жұмысшылар, сол кездегі ғалымдар, әскери адамдар жыйналды. Аңадайда қыр басында қанатын қондап ұшуға өзін тұңғыш самолет тұр. Самолеттің ішінде Можайскийдің ең жақын серігі Иван Голубев отыр. Тұңғыш самолетпен ұшу, тұңғыш ұшқыш атағын алу Голубевтің үлесіне тиген еді. Можайский бұл кезде елу жеті жаста болатын, сондықтан ұшуға отан рұқсат етілмеген еді.

Міне тұңғыш самолетке ұшуға команда берілді. Винттері айнала бастады. Самолет ақырындап қозғалып, бірте-бірте жүрісін удете берді. Ақыры самолет көтеріліп ұша жөнелді. Қалып жүрттың «уралаған» дауысы даланы жаңғыртты. Россия — авиацияның отаны, самолеттің алғаш ұшқан жері деген атаққа ие болды!

Американдық ағайынды Райттер бұдан жыйырма жылдан соң Можайскийдің конструкциясымен танысқаннан кейін барып қана өздерінің ұшатын аппаратын жасады. Демек, американдықтар аспан әлеміне бізден жыйырма жыл кейін көтерілді.

Адам баласы әуеде ұшуды талай ғасырдан бері арман етіп келген. Талай-талай ғалымдар адамға қанат бітіруді, адамды көкке ұшыруды ойлап ақылын тездірген.

Орыстың атақты өнертабысшы Александр Федорович Можайский адам баласының сол арманын жүзеге асырды.

Россия адам баласына қанат бітірді. Біз совет адамдары мұны мақтаныш етеміз.

ӨМІР ЖОЛЫ

(Социалистік Еңбек Ері Бәшір Нұрмағамбетовке хат)

Ол кезде біздер бала едік.
Саусақтары майысқан.
Күндер де болды көктемде
Жалаң аяқ жарысқан.

Бөлшекке бөліп бүтінді,
Есепте ақыл қосқанбыз.
Қоя алмай кейде үтірді,
Ереже бетін ашқанбыз.

Пионер болып, алқызыл
Галстук те таққанбыз.
Барабан ұрып жыйында,
Дабылды талай көкқанбыз.

Көбейді тілек жүректе,
Кейінде қалды балалық.
Жігіт те болдық ержетіп,
Өнер құдық, тарадық.

Дариясын кешіп білімнің
Біріміз кеттік оқуға.
Өмірдің өрнек-қыйынын
Көкірекке тоқуға.

Біріміз түстік шахтаға
Асылын жердің алуға.
Қопарып көмір іргесін
Еңбектен бақыт табуға.

Жылдар да өтті зымырап,
Өмірмен бірге аттадық.
Күреспен өтіп жастық шақ,
Талқандан жауды таптадық!

Көк қыраны Нұркеннің
Соғыста көрдік ерлігін.
Аласа бойлы болса да
Көтере білді ел жүгін.

Тар лавада талай жыл
Талмай көмір қопарған.
Сені де көрдік біз бүгін
Еңбек Ері атанған.

Қуанды жүрек, құттықтап,
Жаздым осы хатымды.
Қайта-қайта оқыдым,
Қатардан озған атыңды.

Өмір жолы шартарап —
Бәрінде біздің ізіміз.
Жерде, көкте жайнайды,
Жігерлі жігіт жүзіміз!

Өтер жылдар зымырап,
Жаңа ерліктер жасалар.
Біздің ерлік сонда да
Сағат сайын жасарар!
Ж. Өмірбеков.



Жорыққа әзірсің бе?

Жаз шығып келеді. Туған өлкеге саяхат жасайтын, жорыққа шығатын кез алыс емес. Сондықтан, әрбір пионер жазғы жорықтар мен саяхаттарға тап-тұйнақтай әзір тұруы керек.

Бұл жөніндегі пионерлердің ең үлкен көмекшісі—вожатый. Вожатый жорыққа әзірлік жұмыстарын жүргізгенде, мұғалімдермен, музей қызметкерлерімен, дене шынықтыру мамандарымен, дәрігерлермен және жырықтың аңшыларымен ақылдасып, солардың кеңесіне құлақ қоятын болсын.

Бұл адамдардың көп пайдасы тиеді. Айталық, географиядан сабақ беретін мұғалімнің маршрут таңдау алуға жәрдемдесетіні сөзсіз. Ол сонымен бірге, жорық басталғанша жас саяхатшылармен өлкетану ісінен сабақ өткізе алады. Ал физкультураның оқытушысы жаттығу жорықтарын жасап, пионерлерді күнделікті гимнастикамен шұғылданауға үйрету керек. Мектеп дәрігері пионерлерге жорық кезінде өзін-өзі күтудің, тазалық сақтаудың жолдарын айтып, түсіндіргені жөн.

Вожатый осы кісілермен ақылдасқаннан кейін пионер активімен келісіп, жорыққа әзірлену жоспарын жасайды да, оны дружина мен отряд жыйынына ұсынады. Жыйындарда жеке пионерлердің жорықты қайтсе жақсы өткізуге болатындығын көрсетіп, құнды пікірлер айтуын орындай.

Саяхат жасауға әзірлік үстінде пионерлермен сабақ өткізу — вожатыйдың негізгі міндеті. Өйткені, пионерлердің ішінде жорыққа алған рет шығайын деп отырғандары аз болмауы мүмкін. Ал бұрын қатыс-

қандардың өзі топографияға жетік еместігінен сол аймақты дұрыс бағдарлай алмас та. Жорықтың маршрутын белгілеу де оңай емес.

Орманды шарлау, костердің айналасында, я болмаса палаткаларда түнеу—айрықша дене шынықтыруға машықтануды тілейді. Ол алма, алған нәрсе-жарақ сай келмесе, жолда қыйындық көресің. Міне осыларды жас саяхатшыларға күні бұрын ұғындырып, жорықтың пайдасы, қызғылықты өтуін қарастыру қажет.

Көктем айлары — саяхатқа әзірленудің шешуші кезеңі. Сондықтан да бұл мерзімде дружиналар мен отрядтар жөн жұмыстар істеуге тиіс.

Әрбір пионер төзімді, көнбіс қажырлы саяхатшы боламын десе, алдын-ала денешынықтырумен айналысып, өзінің организмін шынықтыра білсін. Дені сау, шыныққан пионер ғана жорық жолынан мүдірмей, қыйналмай өте алады.

Жас саяхатшы жорыққа әзірлік кезінде, күніне ертемен тұрып, гимнастика жаттығуларын орындауы керек. Шапшаң жүру де жорық кезінде талтырмайтын нәрсе. 10—11 минутта бір километр жер жүре біл. Денені салқын суға үйретсе, соғұрлым организм шыныға түседі. Ертеңгілікте денені белуарға дейін ымықыл сүлгімен ысқылауға дағдылан.

Звеноның жорыққа әзірлену қыйындығын мына мазмұнда өткізу дұрыс:

1-жыйын. Пионерлерге ертеңгілік зарядқа жасау және жорыққа жүру әдістерін үйрету. Жас саяхатшыға өз бойын күту ережелерін ұғындыру.

2-жыйын. 1 километр жерге байқау жорығын жасау. Күн өткенде, жәндіктер шағып, я тістеп алғанда, дененің бір жеріне жарақат түскенде, не істеу керек екендігі туралы түсінік, кеңес беру.

3-жыйын. Жол белгілерін көрсету. Күнге, ағашқа, жақпар тасқа қарап көкжиек тұстарын айыра білуді үйрету.

4-жыйын. Жорыққа шыққанда қалай киіну және нендей киім алу жөнінде әңгімелеу. Компаспен көкжиек тұстарын айыра білуді үйрету.

5-6-жыйындар. Жорық кезінде тынығу ережелерімен танысу. Қос-күрке жасауды және костерге тамақ пісіруді меңгеру.

Пионер, сен жорық кезінде мықтыны істеуді ұмытпа.

** Сапарда келе жатқанда үстің суланса, тезінен киім ауыстыр. Егер киің қоятын басы артық киім-кеңегің болмаса, көрпеге оран да, шапаныңды костерге ұстап келтірің ал.

** Жорықта өңе бойы мөн-мөлдір таза бұлақ суы кездесе бермес. Сондықтан қайнаған су ішу жөн. Суың негүрлым аз ішсең, жүруіңе сол-гүрлым жеңіл болады.

** Мұрынныңмен дем ал. — су-сауыңды басуға жақсы.

** Тамақты таза ыдыстан іш. Қасыңды таза орамалға оран жүр.

** Тісің таза ұстамайтын саяхатшы—жаман саяхатшы. Тісті тазалап жүруге жорықтың бөгеті жоқ.

** Жорық кезінде ыстық тамақсыз жүруге болмайды. Сапарда тамақты дәмді пісіру қыйын емес. Тек ебдейлік керек.

** Жорыққа шыққанда аяқты ысыпайтын жайлы ботинка, жамаусыз шұлық ал.

** Түнеуге шаршап келсең, бірден жата кетпе. әуелі аз дем ал, сонсын жақсылап жуып, әйтпесе ертеңіңе бойың ауырлап, жорыққа күлліңсызданасың.

** Вожатыйдың тапсырмаларын тез және мүлтіксіз орында. Қай жерде болсын тәртіп керек екендігін есінде қатты сақта.

Өткен сабақты қалай пысықтау керек

Быйыл сендер жетінші класты бітіріп, қолдарыңа аттестат (куәлік) қағаз аласыңдар. Бұл алған куәліктерің туысқандарыңа да, басқа оқу орындарыңа да ұялмай көрсететіндей болуы керек. Ол үшін сендер көп еңбек етіп, көп оқуға тиіссіңдер.

Уақытты кезінде дұрыс пайдаланбай, емтиханға дайындалуды кейінге қалдыру өзіңе өте қиындық келтіреді. Күнделікті сабақты қайталау, оқу бір болса, бірнеше жылғы сабақты қайталау саған қоса кездеседі.

Емтихан басталардың алдында түн бойы сарғайып, ұйқысыз отырып оқыған сабақ, болмаса жолдасымның дәптерінен пайдаланармын деген ой бекерге шығады. Әресе кезінде көрермін, өзім білетін сұрағым тура келер деушілік-білімнен құралақан қалдырады. Емтиханға дайындалуға салақ қараған оқушылардың көпшілігі я нашар баға алып екінші жыл сол класта отырады, я үш теген бағадан артық шыға алмайды. Бұл, әрине, пионерлерге, оқушыларға өте лайықсыз.

Өткен сабақты жақсы біліп, емтиханда жақсы баға алу үшін күн ілгері дайындалып, әр оқушы өзіне 5-6 кластарда өткен сабақтарын қайталауға арнаулы расписание жасап алу керек. Сол бойынша дайындалуды күнбе-күн міндетке айналдыру шарт.

Көп оқушылар емтиханға дайындалуды үшінші төқсанның басынан бастап кіріседі. Ал, егер үздік оқыттын балалардың тәжірибесіне қарасақ, олар екінші төқсанның ішінде-ақ кірісе бастайды. Мұндай оқушылар емтихан басталғанша негізгі сабақтарды қайталап, емтихан кезінде өзіне онша ауырлық түсірмейді.

Әрбір оқушы емтихан беретін

сабақтардың барлығын қайталауды жоспарлау керек. Ол үшін, ең алдымен, өзіңе қиын деген пәндерді қолға алып, соны қайталауға кіріскенін жөн болады. Бір күнде бір сабақты ғана қайталау өте пайдалы, өйткені ойларың басқа сабаққа бөлінбейді, жақсы түсіне аласыңдар, онай да болады.

Үйге келісімен ертеңгі сабаққа дайындалып алу керек. Одан соң біраз тыныққаннан кейін бұрынғы өткен сабақтарды қайталауға кіріскен жөн. Оған күніне 1-1,5 сағат бөлсе жетеді.

Одан кейін үй ішіне жәрдем беріп, түрлі жұмыспен айналысқан дұрыс болады.



Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы орыс мектебінің 5-класс оқушысы **Галия Молдыбаева** емтиханға әзірленіп отыр.

Суретті түсірген **Ә. Әзиев**.

Емтиханға дайындалудың тағы бір шарты: күнделікті сабақты босқа жібермей, оған ойдағыдай дайындалу. Сабақ үстінде мұғалімнің айтқанын да, жолдастарыңның жауабын да жақсы тыңдай біл.

Жана өтілген сабақ есте қалсын

десендер: үйде бір неше оқып, сол ережелерге сәйкес жаттығулар жазатын болыңдар. Ол жазған мысалдарын кітаптағы текстер болмасын, әресе, тіл сабағынан жаттығуларды газеттерден, басқа кітаптардан алыңдар. Тарих, география пәндерін бірнеше қайталап, бұрынғы өткен тақырыптармен байланыстырып, бір тәртіпке салып оқыңдар.

Түсінбеген жерлеріңді мұғалімнен сұрап ал.

Жетінші класты бітірген адам жақсы сауатты болу керек. Сондықтан өзіңнің сауатыңа көп назар аудар. Диктанттан хәте жіберсең, грамматиканың ережелерін әлі де анық білмегенің. Ол ережені тауып алып, соған сәйкес мысалдар жазып дағдылан.

Бұл айтылғандардың барлығы саналы түрде, шын ниетпен көп оқу керек деген бір ұғымға әкеліп соғады.

Бір сабақты оқып болмай екінші сабақты қолға алушы болма. Егер әр сабаққа күн сайын мұқият дайындалсаң өзің көп жеңілік келеді.

Егер сабақ дайындауға уақытты дұрыс пайдалансаң, демалуыңа да, үйге жәрдем етуге де, кітап оқуыңа да уақытың жетеді. Көз келген кітапты оқып берме. Сенін оқыған кітаптарың сабақтарға байланысты болсын. Ол үшін мұғалімдермен, кітапқана қызметкерлерімен ақылдас.

Алдын ала, күні бұрын, жүйелі түрде үнемі сабаққа дайындалған оқушы емтиханда бес деген бағамен бітіретіні сөзсіз.

БАЙТАКОВ.

Алматы облыстық әдіс кабинетінің меңгерушісі.



БІЗДІҢ ПОЧТА

ЖАС ШЕБЕРЛЕР

— Алло!

— Алло!

— Менің сөзімді естимісің? — деп сұрайды Лёва.

— Естіп тұрмын, — деп жауап берді Юра. — Бірдеңе айтсаңшы.

— Қуанғанда тілге сөз де орала ма?

— Жәк, сен айт, — дейді жолдасына Юра.

Екеуі көршілес бөлмелерде отырса да, олардың телефон арқылы сөйлескісі келеді. Өйткені, олар өз қолдарымен жаңа ғана осы телефонды орнатқан болатын.

* * *

Қаскелеңдегі балалар үйінде радио техниктерінің үйірмесі көптен жұмыс істеп келеді. Балалар үйінің өз радио торабы бар. Көпшілік жұмыстары жөнінде жетекші Василий Петрович Дробышевтің басқаруымен үйірмешілер радио арқылы хабар таратуды, қалаған станциялардың толқынын ұстауды тез үйренді.

Радио торабы жанында биік бағана тұр. Осы бағанадан балалар үйінің әр бөлмесіне тарам-тарам болып қолдың саласындай сымдар тарайды.

— Ішкі және тысқы сым өткізу жұмысын да өзіміз жүргіздік, — дейді радио торабының он бес жасар бастығы Рахат Күленов.

Жас радио техниктері шамды қабылдағышты әлденеше рет бөлшектеп көрді. Бірақ, оны қайта құрастыру басында олардың өз қолынан келмеді.

— Жарамды бөлшектеріміз

жетіспейді, — дейді Рахат қынжылып.

— Алматы дүкендерінен біздің радио қабылдағыштарымызға лайық бөлшектерді Василий Петрович екеуіміз іздестіріп таба алмадық. Бізге қамқорлық жасайтын мекемелер де ештеңе тауып бере алмады, — дейді балалар үйінің директоры Иван Сергеевич Великий. — Бірақ, ауыл шаруашылығын машиналармен қамтамасыз ететін дүкеннің қоймасынан пайдаланудан қалған ескі телефон бөлшектерін тауып әкелдік.



* * *

Жас механиктер жапырласын келіп, жүк машинасының үстінде тосқан телефондардың төт басқан бөлшектерін бөлек-бөлек алып сүртіп жатты.

Василий Петрович жарамды бөлшектерден тұңғыш телефон құрастырып, балаларға көрсетті.

— Енді мен де жасай ала-

мын, — деді өзіне өзі сеніп Лёва Андреев.

Іс ауызға онай, Леваның алғашқы адымы сәтсіз болды. Бөлшектер бір-біріне қалыптаспады.

— Темірді тотынан тазарту әуелі, — деді жетекші. Телефонды екінші құрағанда, ол екі сымды бір аттас тұтқаға жалған қалып еді, от жарқ ете түсті.

— Тете жалғау екен ғой түсіндім, — деді Лёва өзіне өзі. Өзі құрған телефонды Юрий Кочуровпен сөйлесіп байқағанда, ісінің сәттілігіне Лёва ерекше қуанды. Өйткені досының дауысы трубкада саңқылдап тұрды.

Телефон орнатумен әуестенгісі келетіндер жалғыз-жарым емес, көп болып шықты. Аз уақыттың ішінде жас шеберлер 29 телефон құрастырып, балалар үйінің әр бөлмесіне телефон орнатты.

Дирекция барлық телефонды бір жерден байланыстыру үшін коммутатор сатып әкелді. Үйдің төбесінен қыздың талдап өрген бұрымындай қаптаған телефон сымдары коммутатор тақтайына келіп ұштасқан. Тік орнатылған тақтай қалқанға қарсы столда 13 жасар кезекші телефонистка Ғалия Астаубекова отыр. Кенеттен қалқадағы төртінші ұядағы клапан ашыла қалды да, сымға тіркелген штепсель бері суырылды.

— Коммутатор тыңдап тұр, — дейді Ғалия абонентке нық жауап беріп, — жалғастырайын. Сымға жалғасқан штепсельді оның қолы ептілікпен сегізінші ұяға апарып салды. Кәзір телефон соққан адам асқанадағы кезекші екен, екінші отрядпен сөйлеспекші. Ол енді бұрынғыдай

«екінші отряд, тамақ әзір болды» деп хабарлау үшін екі үйдің арасында жүгірмейді. Оның командасын айнытпай жеткізетін телефон бар.

Лева Андреевті балалар «байланыс бастығы» деп дұрыс атаған.

— Бастық жолдас, біздің телефонымыз бұзылып қалды, — деп хабарлайды оған алтыншы отрядтың бір баласы.

— Кәзір түзетеміз!

Ысылған монтердей ол қалтасындағы тексеру аппаратын алып контактыларды байқайды. Бәрі дұрыс. Сым үзілмеген. Бірақ, Лева бұзылған жерді таба

білді, коммутатор орнатылған үйдің төбесінде сымның жалаунаш жері бар екен. Соны тот басыпты. Жас шебер оның тоғын кетірді де, изолятор лента-сымен орап тастады. Телефон бұрынғысынан жақсы сөйлейтін болды.

Балалардың телефон және радиомен әуестенуі мектепте физика сабағын жақсы үлгіруге көмектесіп келеді.

Қаскелең балалар үйінің радиотехниктерінің аты қазір республикаға да жайылды.

Жуырда Алматыда балалар үйі қызметкерлерінің республи-

калық мәжілісі өткізілді. Делегаттар пионерлердің адам қызығарлық шеберлігін көрді. Кішкентай макеттің бетінде Қаскелең балалар үйінің ауданы көрсетілген. Онда коммутатор орнатылған үйден жатақханаларға, клубқа, мастерскойға, тәрбиешілердің нәтерлеріне телефон сымдары ұштасып жатыр. Келушілер бұл макетке қызыға қарады.

— Бұл бастаманы Қаскелең балаларынан біздің балалар да үйренетін болады, — деді делегаттар.

А. ӘЛИЕВА,

Қаскелең ауданы.

ЗВЕНОНЫҢ БІР ЖЫЙЫНЫ



төсейін деп өзі барғанда, «бізге көмектің керекті жоқ, өзіміз де білеміз» деп кесіп айтатын Галаның мына мінезі Валяні бірден риза етті.

— Көмектесемін, Галечка. Бүкіл звеноммен көмектесемін.

... Сенбі күні пионер бөлмесінде 6-отрядтың екі звеносының жыйыны өткелі жатты. Жыйынға дружина советінен де адамдар келді. Аға пионер вожатыйдың өзі де сол жыйында отырды.

Бірінші звеноның жыйыны әлеттегісінше жақсы, көңілді өткізілді. Екінші звеноның вожатыйы Галя Неустрова өз звеносының жыйынын ашуға жірікенде, кейбіреулер оған сенімсіз қарап, көңілсіз де бола бастаған еді. Бірақ, алғашқы кезде ғана осындай болды. Галаның аға пионер вожатыйға келін:

— Ұлы мысалшы Крыловқа арналған екінші звеноның жыйыны! — деп жігерлі түрде рапорт беруінің өзі-ақ басқаларды өзіне тартып көңілдендіре бастады.

— Ой, қара, Галаның рапорт берісі бұрынғыдан өзгеше ғой.

— Жыйынды арпаған мәселе-сі де тамаша емес пе!

— Асықпаңдар, соңын көрсейік, — десті кейбіреулер өзара күбірлесіп.

Олар босқа күдіктенген еді. Звено вожатыйының Крылов туралы әңгімесінің мазмұнды шығуы жұрттың бәрін риза етті. Звено пионерлерінің ұлы мысалшының бірнеше мысалдарын декламация етіп, мүдірмей, бабына келтіріп айтуы-бұл звено пионерлерінің де, егер мойын қойса, қолдарынан іс келетіндіктерін айқын көрсетті.

Звеноның бұл жыйынын жұрттың бәрі де мақтады. Аға пионер вожатыйдың өзі де:

— Жарайсың, Галя, звеноның жыйынын үнемі осылай өткіз, — деп оған қолын берді.

Звено алғыс алды.

— Маған көмектескен Валя, Валя, — деп қуаныштан екі беті гүл-гүл жайнаған Галя Валя Сухинаның қолын қайта-қайта қыса берді. — Достық көмегіне рахмет, Валя, рахмет!

Звеноның бұл жыйыны ұмытылмастай болып өтті. 6-отрядтың екінші звеносының бұдан кейінгі жыйындары үнемі осындай, көңілді өтетін болды.

К. ПЕТРОВА,

Семей қаласы. 18-мектеп.

Бұл жыйының тарихы қызық болды. 6-отрядтағы бірінші звеноның вожатыйы Валя Сухина мен екінші звеноның вожатыйы Галя Неустрова пионер бөлмесінің алдында кездескен еді.

— Валя, — деді Неустрова, — сен звено жыйынын қашан өткізесің?

— Оны қайтесің?

— Біз де сол күні жыйын өткізейік деп едік. Сенің звеноңның жыйыны үлгілі өтіп жүр ғой. Біз өз жыйынымызды сенің звеноңның жыйынымен салыстырғымыз келеді.

— Сенбі күні өткіземіз, Галя, — деді ол.

— Ендеше біз де сол күні өткіземіз, — деді де Галя күмілжіп қалды. — Бірақ, Валя, сенен бір өтінішім бар... Сен маған көмектес.

Бұл сөзді естігенде, Валя қатты қуанып кетті. Бұрын көмек-

БІР КЛАССТЫҢ СПОРТШЫЛАРЫ



— Әр кімнің талғауы әр түрлі. Бәріміз спорттың бір түрімен шұғылданамайық деген пікір қате. Әркімнің өз қалауынша болсын! — деді жыйында отряд советінің председатели Юрий Зисерсон. Оны пионерлердің бәрі қостады. Бұл әңгіме 1948—1949 жылғы оқу жылының басында болған еді. Содан бері 1,5 жыл уақыт өтті.

Классағы 38 баланың спортпен шұғылданбайтыны жоқ. Біреу шаңғышы, біреу конькиші, екіншісі бөксер, үшінші гимнастикашы...

...Бүгін оқушылар физкульту-

ра қалашығында 60 метрге жүгіруден норма тапсырмақшы. Белгіленген уақыт 8,4—9 секунд. Жыйналған халық көп. Физкультура пәнінің жетекшісі секундомеріне үніледі.

— Старт!

Екі пионер жарысып, күстай ұшып келеді.

— Бір, екі, жеті... 8,1 секунд. Володя Аншаков озып келді. Борис Дихановтың көрсеткен мерзімі де жаман емес, — 8,3 секунд.

Мектептегі жас бөксерлер үйірмесіне бұл отрядтан Юрий Задирей, Володя Аншаков, Володя Рябокляч қатысады.

Қарағанды стадионының мұз алаңында осы отрядтың пионерлері жас конькишілер Геннадий Яшинді, Виктор Августинякті, Юрий Задирейді жиі көруге болады.

Шаңғы тебуден де кластың өз чемпиондары бар. Игорь Карга-

полов бйылығы шаңғы жарысында 3000 метрге 21,4 минутта жетті.

Мектептегі гимнастикашылар үйірмесінің 6 мүшесі—тағы да осы 5-а класынан, Орымбай Мамраев 3,91 метр (норма—3,8 метр) ұзындықтан, ал Володя Аншаков 1,25 метр (норма—1,15 м.) биіктіктен сеірді.

Класса физкультура-спорт жұмысы жолға қойылуының арқасында, 22 пионер БГТО значогіне норма тапсырып болды, қалғандары әлі тапсырып келеді. Таяу уақытта бұл класс жаппай значоктілер класы болмақ.

— Бұл кластың оқушылары спорт жөнінен бірімен-бірі тең түскенімен бәрі де күшті, — дейді физкультура пәнінің жетекшісі Петр Петренко.

С. ЖИРЕНШИН.

Қарағанды, 3-ербалалар мектебі.

КЛАСЫМЫЗДА КІТАПХАНА БАР

Біздің мектепте мыңнан астам бала оқыйды. Мектепте кітапхана бар. Бірақ біздің арамызда жыл асқан сайын көркем әдебиетті көштеп оқыттындар саны өсіп келеді. Жасыратыны жоқ, бәріміз бірдей жаңа кітапты алысымен тез оқып шығқымыз келгенімен, кітап саны жетіспейді.

Осы жағдай бізді ойға қалдырды. Біз класс жетекшіміз М. Қалжановпен кеңестік. Кеңесте класс кітапханасын ұйымдастырайық деп келістік. Осыдан кейін әр оқушы үйінен бір-екі кітап әкеле бастады.

Кәзір біздің 7 - класта 45 кітап бар. Кітапты өз-ара алмасып оқыттып болдық. Оқыған кітаптарды жиі-жиі талқылаймыз. Көркем әдебиет жалпы білімімізді көтеруге көп көмек көрсетіп келеді.

Т. ҚАРАБАЕВ.

Қарағанды, Жамбыл атындағы орта мектеп.



«ДЕНСАУЛЫҚ — ЗОР БАЙЛЫҚ»

Біздің мектепте тазалық сақтау посты бар. Ол оқу жылы басталғаннан бері жұмыс істейді. Бұл оқушылардан құралған. Оған мұғалима Садырова басшылық етеді.

Мұндай постар әр класта құрылған, олар класс ішінің, оқушы балалардың күнделікті тазалығын тексеріп тұрады. Сөйтіп, мектепке жалпы тазалықты жақсартуға көмектеседі.

С. ЖҰМАБАЕВ.

Қызылорда облысы, Тереңөзек ауданының Молотов атындағы жетіжылдық мектебінің оқушысы.

ТОБЫЛ ЕКТІК

Біздің мектебімізде таяу жерде тобыл ағашы өседі. «Сол тобылды тамырымен қопарып егуге бола ма» деп, ботаника пәнінің оқытушысынан сұрадық. Ол кісі өз ақылын айтты.

Өткен жылы октябрь айының аяғында мектеп іргесіне екі қатар етіп 40 түп тобыл шілігін отырғыздық. Отырғызылған тобылдарды қорғау үшін айналасына шабақ тоқып, қоршап қойдық.

Кәзір еккен ағаштарымыз түгел өсіп келеді.

Бишекен КӨПТЕРБАЕВА.

КІТАП

Алтын да қалдырсыз боп қалар мүмкін.
Жыйса да саған жетпес әлем мүлкін.
Сен сөңбес жүрегіміңнің жұлдызысың.
Жүзіңнен жарқ етермін мен де бір күн.

Мүслім ҚОЖЫҚОВ.

Ең басты міндет — оқу

Біз Алматыдағы 18-ер балалар орта мектебінің 5 «А» класында оқыймыз. Біздің пионер отрядымыз—8 отряд болып есептеледі. Мектепте жақсы оқуға, жақсы тәрбиеленіп шығуға барлық жағдай бар. Көбіміз интернатта жатамыз.

Н. деген пионер оқу жылының бірінші тоқсанында сабаққа нашар үлгірді. Оның неміктен артта қалып жүргені звено жыйынында талқыланды. Пионердің үйге берген тапсырманы мезгілінде орындауға салақсын кеткені анықталды, жолдастары ұялып, кемшілігін бетіне басты. Ол бұдан былай ұқыпты оқуға, жыйын алдында, уәде берді. Оған көмектесу маған тапсырылды. Біз Н. екеуміз ылғый бірігіп оқыйтын болдық. Бізге оқытушылар көмектесіп отырды. Соның арқасында Н. көзір екінші бағаны түгел жойып, үлгірушілер қатарына қосылды. Нашар оқыйтын К мен Г деген балаларға да осындай көмек көрсетіліп келеді. Олар да сабақты үлгіре бастады.

Бұл талап жалғыз нашар оқыйтындарға ғана емес, клас-

тың барлық оқушы пионерлеріне қойылады. Жақсы, өте жақсы оқу—әр қайсымыздың борышымыз.

«Сабақты пысықтау — білім негізі» дейді бізге оқытушыларымыз. Ол рас. Өткен сабақты қайталап оқыған сайын адамның ерісі кеңейеді, кезінде бүгінгі қалған кейбір материалдар жақсы ұғылалы, білгенің есте сақталып, білімге деген ынтаң артады екен.

Осыны ұққан біз қайталап оқуды, сабақты жақсы ұғуды кейінге қалдырмай, жазғы емтиханынақтың қамына, оқу жылы басынан-ақ, кірістік. Көзір қайталап оқуға бұрынғыдан да қызу кірісіп отырмыз. Интернаттың оқу залына аптасына бір рет жыйылып алып өткен сабақтарымызды қайталаймыз. Біріміз ережесін айтсақ, екіншіміз тақтаға мысалын жазамыз. Бірімізге біріміз сұрақ қоямыз. Жәкес мәселелерді өзіміздің қалай ұғатынымызды айтып, талқыға саламыз. Бұдан бірігіп оқудың өзі біріміз білмегенімізді екіншіміз біліп, өзара көмектесуге қолайлы жағдай жасайтыны көрінеді.

Бұл дайындығымыз класс жетекшісі мен тәрбиешісінің тікелей басқаруымен өтіп отырады. Сол сияқты, оқытушыларымыз әрбір сабақ алдында өткен материалды қайталап сұрап, ұмытпауымызды қадағалайды. Оның үстіне, әр оқытушы арнаулы уақыт бөліп өз сабағынан нақты көмек береді.

Сабақты пысықтауда, жаман үлгірушілікті жойып, емтиханға мүлтіксіз дайындалуда арнаулы тақырыпта дружина ұйымдастырған жыйындардың көмегі зор болып келеді. Әсіресе, «Ленин сөйлеген тіл» деген жыйынды атап айтуға болады. Бұл жыйын орыс тілінің бүкіл адам баласы үшін маңызын, ол Лениннің тілі екенін, атамыз Сталиннің сөйлейтін тілі екенін, келешекте мәдениетті, білімді адам болу үшін бұл тілді жақсы білу қажет екенін, бұл, ғылымның, техниканың, мәдениеттің сарқылмас қазналары бар екенін әр пионерге айқын ұқтырды, үлкен әсер берді. Оқушылар бұл тілді бұрынғыдан да сүйіп, бар ынтасын салып оқуға жұмылды. Осындай қатты көңіл қойып оқудың, оңбек етудің арқасында орыс тілінен бірінші тоқсанда нашар оқып келген А мен К деген оқушылар көзір үлгірушілер қатарына қосылды.

Білім алу онай емес екенін, бірақ көңіл қойып, күш жұмсап, жақсы оқуға, өте жақсы оқуға болатындығын біз жақсы білеміз. Сол үшін де өзіміздің барлық күш-жігерімізді оқу жылын жақсы аяқтауға, мұғалімдеріміз: «жарайсың, балалар, өздеріңнің борыштарыңды абройлы атқардыңдар» деп айтарлықтай білім алуға арнаудамыз.

А. ҚАСЕНОВ

5-класс оқушысы, отряд советінің председателі.

Жазып алған А. Жанағұлов.



Г. Акмола, 4-мектептің пионерлер дружинасы Советінің мүшесі.

Суретті түсірген И. НАРЫШКОВ



Құс — орманның қамқоршысы

Құрғақшылыққа қарсы күресте орман үлкен қызмет атқарады. Ормандар жауын-шашынның көбеюіне көп ықпалын тигізеді, ауа райын дымқылды етіп, оны жұмсартады, егін даласын жел қағудан қалқалайды, жерқыртысының дымқылдығын сақтайды, көшкін құмдарды бөгейді.

Табиғатты өзгертудің сталиндік ұлы жоспары құрғақшылыққа және аңызаққа қарсы күресуге бағытталған. Сондықтан да бұл жоспар үлкен жігермен жүзеге асырылып жатыр. Егін қорғайтын орман алқаптарын жасау ісі біздің Қазақстанда да көңіліміз алып отыр.

Орманның көптеген табиғи жауы бар. Олардың көбі — құмырсқалар. Бұл құрт-құмырсқалардың кейбіреулері — ағаштың бүршіктеріне, тұқымына және жемісіне зиян келтірсе, екіншілері — жапырақ пен қылқанды зияндайды, үшінші тобы жаңа шыққан шыбықтың өзі мен бұтақтарды бүлдіреді, ал төртінші біреулері ағаш қабығын және өзегін кеулесе, бесінші топтағылары ағаш тамырын кеміреді.

Сөйтіп бұл зиянды жәндіктер тұтасқан ормандарды құртын жібере алады.


Орманның жауларына қарсы күресте құстар көп пайда келтіре алады. Қазақстанның ұлан-байтақ даласында 600 түрлі құс мекендейді. Оның 150 дейінің тіршілігі орманға байланысты. Орман құстарының 80 проценттейі құрт-құмырсақпен қоректенеді. Олардың бірсыпырасы Қазақстан ормандарын жайлайды, түрлі зиянды құрт-құмырсақтарды құртады. Мысалы, сары шымшық, қызыл құйрық тор-

ғай, тоқылдақ, бұлбұл, қара торғай, көкек және тағы басқа құстар ағаштың бұтағына, жапырағына және тұқымына зиян келтіретін кенелерді, шыбын-шіркейлерді, ағаш қабығын және өзегін бүлдіретін қоңыздарды жеп құртады.

Құстың орман жөнінде осындай көп пайдасы болғандықтан ересек адамдар, әсіресе балалар құстарға қамқорлық жасап, оларды сақтауға тырысуы керек.

Құстың көбеюі үшін олардың мекендеуіне қолайлы ұялар салу керек. Бұл үшін тақтайдан ұяжәшік істеп ағаштың басына ілуге болады, немесе ағаштың бойын кеулеп кеуек ұя жасауға болады.

Сары шымшық, тоқылдақ қарлығаш сияқты құстар ондай ұяларға өздері келіп мекен етеді, сонда жұмыртқалап, балапан өсіреді.



Балалар, әр жыл сайын март айында «құс күні» өткізіледі. Сол күні әрбір оқушы қолдан бір-бір ұя жасап, егін қорғайтын егіс төңірегіндегі орманда, питомниктерде жеміс бақшасында және парктерде сол ұяларын ағаштың басына ілсе, құстардың көбеюіне қанша көмек көрсетер еді.

П. Деревягин

МЕКТЕП БАҚШАСЫ

Біздің мектептің өз бақшасы бар. Бақша жасау үшін 1948 жылдың күзінде мектеп оқушылары мен пионерлер 2500 тұн ағаш отырғызды. Ағашты егу бар да, оны баптап өсіре білу бар. Өз еңбегіміздің игілігін көру үшін біз еккен ағаштарымызды жақсы күтіп келеміз. Әрбір тұн ағаштың құраған, сынған бұтақтарын қырқып тастап, мезгілінде тұн қосытын суғарып тұрамыз.

Өткен жылдың көктемінде биологиядан сабақ беретін оқытушы Исакаев жолдастың басшылығымен мектеп участогі ұйымдастырылып түрлі жеміс, дәнді егістердің бірнеше түрі егілді. Біздің участогімізде қыяр сәбіз, капуста, картоп, бидай, күнбағыс, пыяз, помидор және темекі өсірілетін болды.

Өткен жылғы жазғы демалыста пионерлердің көпшілігі мектеп участогінде өсімдіктерді өсіру, баптау ісімен шұғылданды. Олардың жақсы күтуі нәтижесінде, егістер жақсы өсіп, көп өнім берді. Кәзір оқушылар класста ботаника сабағынан алған білімдерін тәжірибе жүзінде бақылау-күту жұмыстарымен толықтырады.

Отряд вожақтыы

Садықбек БАЙБЕКОВ,

Ақмола ауданы, Тайтөбе жеті-жылдық мектебі.

БІР МИНУТ

Білесің бе, досым, сен
Оқу үшін не қымбат?
Ең қымбатың — уақыт,
Соны түсін, сырын бақ.

Мүғалімнің әр сөзі
Жаңалық аңсар салалап.
Өскеніңе қарашы
Бір сабақтан бір сабақ!

Соның бәрі — ойласаң,
Жемісі әр минуттың.
Бағаласаң мезгілді,
Оқуда да сен ұттың.

Әдібай ТАБЫЛДИЕВ,

Жамбыл облысы, Луговой ауданы.


Дүниенің басталу кезі болды ма және соңы бола ма?

Дүние қайдан шықты, қалай шықты, оның ақыры немен тынады? — деген сыяқты сұрақтар адам баласын ерте заманнан мазалап келді. Бұған әр заманда әртүрлі жорамалдар айтылды. Соның көбі діни ұғымға сайды. Ерте заманның діни аңыздарында барлық әлемді—күнді, жерді, айды, жұлдыздарды кұдай алты күн ішінде жоқтан бар етіп, жасап шықты делінеді. Қазақ арасындағы діни ертегілерде де жеті қабат көк, жеті қабат жер бар. Жерді көк өгіз көтеріп тұрады деген сыяқты жоққа табынған аңыздар айтылады.

Ерте заманның діни кітаптары дүние жоқтан пайда болдымен тынбайды. Дүниенің басталуымен қатар ақыры да болады деп түсіндіреді. Ғылым қанатын жая алмай, жаңалықтар ашылмай, табиғаттың көп сыры түйік жатқан шақта, адам өзін қоршаған ортаның сырын аз білгендіктен, дүниені кұдай жаратты дегенге нанып, күн сөнеді, ақыр заман болады деп ойлаған.

Ғылымның өрістеуі дүние жөніндегі діни ертегілердің шындыққа жауапсыздығын әшкереледі. 18-ғасырдың орта кезінде орыстың тамаша оқымыстысы М. В. Ломоносов заттың сақталу заңын ашты. Мұнда ол ешнәрсе жоқтан бар болмайтынын, ешбір зат ізсіз құрып кетпейтінін, ол түсіп, түрін өзгерткенімен басқа затқа жалғасатынын айтады. Мұны бәрімізге мәлім жай тәжірибелердің өзі-ақ айқын дәлелдейді. Мысалға бір стакан шайды алайық. Оған бір кесек қант сал. Былайша қарағанда еріген қант жоқ боп кетті. Бірақ, қанттағы зат жоғалған жоқ, еріп, шайға шырын дәм берді. Тәжірибе жасаудан бұрын стакан шайды өз

алдына, қантты өз алдына өлшеп көр. Сонда кейін қант салынған шайды қайта өлше, оның салмағы алғашқы екеуінің салмағымен бірдей болады да шығады.



Жердегі таулар, теңіздер, өсімдіктер, аюанаттар — нені алсаңда — бәрі де заттан тұрады. Олар ізсіз жоғалып кете алмайды. Жоққа айналмайды, уақыттың өтуіне қарай жер беті өзгереді, судың, мұздың, желдің салдарынан таулар кұлайды. Бірақ, олардың бойындағы заттар кұрымайды. Жел, су мұжілген таудың үгінді, жынысын мыңдаған километрге әкетеді. «Өлген», піріген өсімдіктер жерді тыңайтып, жаңа өсімдіктерге қорек береді. Сонымен, жер бетінде заттар өзгергенімен, ешқайда кетпей, бір қалыптан екінші қалыққа айналып, айналсоқтап орала соғып отырады.

Кәзір ғылым қарыштап алға кетті. Оқымыстылар, жерді қой-



ып, аспан әлеміндегі заттардың да кұрамы неден тұратынын білетін болды. Олар спектроскоп атты ерекше аспаппен күн,

Оңтүстік Қазақстан облысы,
Ильич ауданы, Ильич орта
мектебінің оқушысы Зердебай
Қаныбековтың сұрағына жауап


жұлдыз сәулесінің түсіне қарап, олардың қандай заттан тұратынын анықтады. Сөйтіп олардың да жерде кездесетін заттардан тұратыны мәлім болды. Жерге түскен метеориттерді (тастарды) мұқият зерттеу аспан әлеміндегі мүшелерде бар зат біздің планета да бар екенін дәлелдейді. Метеориттің кұрамында темір, хлор, алюминий, су тегі, азот, оттегі, жерде кездесетін тағы басқа заттар барын көреміз. Демек, біздің жеріміздің кұрамындағы заттармен аспан әлеміндегі мүшелердегі заттардың арасында айырма жоқ. Барлық әлем жанадан шықпайтын және кұрымайтын заттардан тұратын болса, ендеше ол мәңгілік деген сөз. Рас әлемнің кейбір бөлегі—жеке аспан мүшесі—мәңгі жасамайды. Мәселен, сонау бір замандарда жер болмады. Бірақ, жер боп кұралған заттар әрқашанда өмір сүрді. Жердің қалай пайда болуы әліде толық анықталып жеткен жоқ. Сүйтседе, астрономдардың көпшілігі жер де, басқа планеталар да күннен бөлінуі нәтижесінде пайда болды деп есептейді.

Күннен бөлініп кеткен газдың шоғыры тығыздалып, суынып барып бірте-бірте планеталарға айналған.

Біздің Күніміз жұлдыздардың бірі. Ол басқа жұлдыздар сыяқты өте баяу суынады. Күн жылылықты орасан зор жұмсайтын болса да, миллиард жыл бойы оның қызуы төмендегенін білеміз. Ол «қартайғанша» талай миллиард жыл өтпек. Ол кезге дейін адам баласы талай жаңалыққа қолы да жететіні сөзсіз. Күннің қызуы жетіспеушілігін толықтыратын атомдық қуаттың көзі де табылуға тиіс.

Нағыз ғылым әлем мәңгілік екеніне күмән келтірмейді. Әлемнің басталу кезі болған емес, оның ақыры да болмайды.

ОН РОМАН



Мына суреттегі шаршыларға тиісті әріптерді орналастырындар. Сонда оларға «А» әршіп қосып оқығанда, Совет жазушыларының он романының аты шығатын болсын.

К. БӨКЕБАЕВ.
Оңтүстік Қазақстан облысы.


ЧАЙНВОРД

Оңнан солға қарай оқығанда
1. Физик. 2. Күс. 5. Европадағы көмір бассейні. 6. Мемлекет. 9. Түс. 10. Қазақстан өзені. 14. Батыр. 15. Планета. 16. Европа мемлекетінің астанасы. 17. Грек әрпінің аты. 21. Балалардың жаңажылдық сауық кеші. 23. Халық демократиясы республикасының астанасы. 25. Тау ешкісі. 27. Азиядағы теңіз.

Солдан оңға қарай оқығанда.
1. Кыргызстандағы қала. 3. Күс. 4. Қазақстан өзені. 7. РСФСР облыс орталығы. 8. Іс тігу құралы. 11. Европа өзені. 12. Одақтас республика астанасы. 13. Сұйықтық. 18. Намыс. 19. Атақты совет генералы. 20. Франциядағы өзен. 22. Құрылыс материалының бір түрі. 24. Одақтас республика астанасы. 26. Шығыс Европа өзені.

Д. ТӨЛЕНОВ,
Жамбыл облысы, Талас ауданы
Алғабас мектебі.

ЖАУАП



«Тоғыз сан»

«Пионер» журналының 1949 жылғы 10-санындағы «Тоғыз санның» шешуі.

Дұрыс жауабын бірінші жіберген Әлібек Төребеков (Оңтүстік Қазақстан облысы)

М А З М Ы

Ә. Қәкімжанов — Көсемнің ең жақын серігі. 1.
Социалистік мемлекет — біздің бақытымыз. 2.
М. Иманжанов — Ауыл мұғалімі. (Повесть, соңы) . . . 5
Б. Исақов — Ана, өлең. . . . 8.
А. Шамкенов — Аяма мені өлең. 8
Н. Почивалин — Фаина Степановна не айтты. 9.
С. Омаров — Алғыс, әңгіме. . 10.
С. Мауленов — Орман баласы, өлең. 11.
К. Сүлейменов — Москва метрополитені. 12.
Тұңғыш самолет туралы. . . . 14.
Ж. Өмірбеков — Өмір жолы өлең. 15.
Жорыққа әзірсің бе. 16.
Өткен сабақты қалай пысықтау керек. 17.
Біздің почта. 18.
Жас агроном. 22.
Білгім келеді. 23.
Демалыс сағаттарында. . . . 24.




Редколлегия мүшелері:
Т. Абдрахманов (жауапты редактор) К. Айманов, К. Баранов, Ә. Бектұров, Х. Доспанова, Қ. Жармағамбетов, М. Иманжанов, М. Нұртазин, Ә. Сәрсенбаев.

Тех редактор. Н. В. Бородихин.

Редакцияның адресі:
г. Алма-Ата, проспект Сталина 73,
Редакция журналы «ПИОНЕР».
Подписано к печати 14. 03.—1950 г.
УГО2213. Объем 3 п. л. Тираж 10000.

Гостипография № 3. Казполиграфиздата при Совете Министров КазССР.
г. Алма-Ата. Заказ № 1129.



„ПИОНЕРСКАЯ ПРАВДА“ газеті 25 жаста

Балалар, әркімнің күнбе — күн кездесіп, тілдесіп, пікірлесіп, жүретін жақын, сырлас досы болады. Ондай тату досымен адам дер кезінде кездесіп тұрмаса, оны сағынады, көруге асығады.

Барлық совет балаларының сондай жақын досы, әрі ақылшысы, айнасы — «Пионерская правда» газеті. Біздің елімізде балаларға ең көп тарайтын, жас еспірімдердің ең сүйікті газеті — «Пионерская правда».

«Пионерская правда» тұңғыш номерінің шыққанына 6 март күні 25 жыл толды. Владимир Ильич Ленин атындағы жас пионерлер ұйымының шежіресінде оның алатын орны ерекше. Ол, бұл 25 жылдық өмірінде жас ұрпақты коммунистік рухта тәрбиелеп социалистік Отанымыздың ардақты азаматы етіп өсіруге партия мен комсомолға айтарлықтай көмек көрсетті «Пионерская правда» алғашқы оқушылары, жас тілшілері кәзір ержетті, олар енді «Комсомольская правда» мен «Лениншіл жас» газетін, «Правда» мен «Социалистік Қазақстан» газетін оқып отыр.

«Пионерская правда» газетін ақтарып қарап отырсаң: еліміздің жыйырма бес жылдық өмірі көз алдыңнан өтеді. Демек, пионер газеті совет халқының өскелең өміріне өзі де белсене атсалысып жас оқушыларын да соған үндеп отырғанын аңғарамыз. Газеттің қай бетін ашсаң да, совет елінің оқуды, еңбекті жағындай жақсы көретін, ер жүрек, батыл жас ұлдары аңғалап соған қарап тұрғандай болды. Мынау тұрған көнетоз қалпағы құлағына түскен бала Павлик Морозов. Бұл жас

көпшіліктің — пионерлердің алғашқы буынының өкілі. Анау, басына ақ орамал байлаған дөңгелек бет қыз — Мамлакат Нахангова. Оған төтелес тұрған — қазақ қызы Роза Шамжанова. Бұлар үкмет наградасын тұңғыш алған жас пионерлер.

Газет беттерін ақтарып отырып, кейбір жас совет адамының бүкіл өмірімен танысып шығуға болады. Газетте кішкентай хат басылған көрінеді. Хатта Хабарда облысының пионері Барасби Хамгоков, Қызыл Армияға деп жақсы аттар өсіргендігін жазыпты. Газетті әрі қарай аша берсең, бір кез-



Алматыдағы 16-орталау мектептің оқушылары А. Ананьян мен А. Ордабаев «Пионерская правда» оқып отыр.
Фото Ю. Шияновтікі.

де Барасби деген таныс есім тағы да ұшырайды. Бірақ, Барасби кәзір пионер емес, Совет Армиясының жауынгері, туған жері үшін жауға қарсы асқан ерлікпен соғысып жүр. . . Міне, соғыс та бітті. Барасби туған республикасына қайтып оралды. Ол — Хабарда комсомолдары мен жастары жетекшілерінің бірі. Барасби үшін, және еліміздің сол сияқты миллиондаған ұлдары мен қыздары үшін, олардың білімді, жігерлі азамат болып өсуі үшін Отанымыз толық жағдай жасады. Олар үшін тамаша мектептер, зәулім сарайлар, театрлар салынды, олар үшін газет, журналдар шығарылды. Жас түлектер Отанының бұл қамқорлығын, абыроймен ақтады, кешегі сұрапыл соғыста олар Социалистік Отанына, халқына қанын да, жанын да аяған жоқ. Міне, көп жылғы номерлеріне үйілген адамға «Пионерская правда» осыларды баян етеді.

«Пионерская правда» газетінің 1945 жылы 20 жылдығы тойланды. Сонымен байланысты, үкметіміз «Пионерская правда» газетін, балаларды оқыту және тәрбиелеу жөніндегі көп жылғы жемісті еңбегі үшін, пионерлер мен мектеп оқушыларын қолдарынан келетін еңбекке атсалысуға ойтағыдай жұмылдырғаны үшін Еңбек Қызыл Ту орденімен наградтады. И. В. Сталин жолдап газеттің тойына арнап жіберген құттықтауында: «Пионерская правда» Лениншіл жастарды Отанымызға шын берілгендік рухта тәрбиелеу ісінде жаңа табыстарға жетуін тілеймін» деді.

«Пионерская правда» бүдін былайғы жерде де жас ұрпақты коммунистік рухта тәрбиелеуде, Отанымызды бүдін былай да гүлдендіре беруде партия мен комсомолға, пионер ұйымына ойтағыдай көмек көрсетіп, Иосиф Виссарионович Сталиннен жақсы деген баға алуын тілейміз.

ДЕМАЛЫС КҮНІНДІ РЕТІМЕН ЖАҚСЫ ӨТКІЗ.



Таңертең күндегідей гимнастикалық жаттығулар жаса және дененді салқын сумен ыс.



Ертеңгі тамақтан соң ата-анана қолқабыс тигіз.



Түскі тамақ ішкеннен кейін, отырып бір қызық кітап оқыған жақсы немесе бауырларыңмен ойнап, кеңіл көтер.



Сонан кейін таза ауаға шығып, спортпен шұғылдан.



Кешкілікте біраз серуендеп қайтқан соң, жақсылап жуып да, уақытында жатып ұйықта.